



**«ҚазТрансГаз» АҚ
Директорлар кеңесінің
2020 жылғы «__» _____
шешіміне (№ __ хаттама)
қосымша**

**«ҚазТрансГаз» АҚ-тың 2019 жылғы
жылдық есебі**

**Нұр-Сұлтан қ.
2020 жыл**

Мазмұны

- 4 **Акционерлерге үндеу**
- 6 **Компания туралы**
- 6 **«ҚазТрансГаз» АҚ позицияларын бағалау және 2019 жылдың қорытындысы бойынша оның даму перспективалары**
- 10 **2019 жылғы оқиғалар**
- 12 **«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының стратегиялық мақсаттары**
- 13 **«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы қызметінің қаржылық және өндірістік көрсеткіштері**
- 12 **ЕТҰ бөлігіндегі өндірістік және қаржылық көрсеткіштер**
- 18 **Инвестициялық қызмет**
- 28 **Инновациялар**
- 29 **Жасалуына «ҚазТрансГаз» АҚ мүдделі мәмлелер**
- 29 **Активтер құрылымы**
- 30 **Негізгі даму бағыттары**
- 31 **Цифрландыру**
- 31 **Тәуекелдерді басқару**
- 34 **Интеграцияланған менеджмент жүйесі**
- 40 **Қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау**
- 45 **Әлеуметтік жауапкершілік**
- 48 **Корпоративтік басқару**
- 50 **Акционермен өзара әрекет ету**
- 50 **Еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара әрекет ету**
- 55 **Тұрақты даму**

- 56** «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының сатып алудағы жергілікті қамту (ЖҚ)
- 57** Корпоративтік қауіпсіздік
- 59** Кредиттік рейтингтер және борыштық қоржынды басқару
- 60** Тәуелсіз аудитордың қорытындысы
- 68** Шоғырландырылған қаржылық есептілік
- 73** «ҚазТрансГаз» АҚ-тың 2019 жылғы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттарын сақтау туралы есебі
- 77** Глоссарий

Құрметті акционерлер мен «ҚазТрансГаз» АҚ әріптестері!

2019 жылы газ және газбен жабдықтау саласындағы Қазақстан Республикасының ұлттық операторы – «ҚазТрансГаз» АҚ мұнай-газ саласындағы ең пайдалы актив мәртебесін тағы да растады.

Компания жыл сайын өндірістік және экономикалық көрсеткіштердің тұрақты түрде өсіп отырғандығын көрсетіп келеді, Қазақстанның газ тасымалдау жүйесін жаңғыртуды жалғастыруда, инновациялық және цифрлық технологияларды қолданады, ауқымды инвестициялық жобаларды іске асыруда.

Бүгінгі күні еліміздің ЖІӨ-сіне газ саласының үлесі 1,8%-ға жетті және одан әрі өсуде. Осының барлығына отандық газ тасымалдау жүйесін дамытуға және жаңғыртуға соңғы бес жылда 1,1 трлн. теңге инвестиция құйғанның арқасында қол жеткізілді.

Компания сенімді түрде өз пайдасын ұлғайтуда. Соңғы 5 жылдағы валюталық түсімнің өзі ғана - 17,2 млрд. АҚШ долларын құрады. Егер 2014 жылдың өзінде «ҚазТрансГаз» АҚ-тың шығыны 20 млрд. теңгені құраса, онда бүгінгі таңда ұлттық оператор орташа алғанда пайданың жылына 20%-ға өсіп отырғандығын көрсетеді.

Бұл соңғы бес жылда қарыздық жүктемені екі есеге қысқартуға мүмкіндік берді, 2014 жылдан бастап 6,5 млрд. АҚШ доллары өтелді және жалпы қарыз 12 млрд-тан 6 млрд. АҚШ долларына дейін төмендеді.

Өндірістік көрсеткіштерге келсек, онда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ газ экспортын өсім драйверлерінің бірі деп біледі. Былтырғы жылы магистральдық газ құбырлары бойынша газ тасымалдау 103,3 млрд. м³ құрады. Бұл ретте көк отынның экспорты тарихи ең жоғарғы деңгейге 9,5 млрд. м³ жетті, олардың 75% Қытай Халық Республикасының аумағына экспортталды.

«ҚазТрансГаз» АҚ Қазақстан Республикасының өңірлерін ауқымды газдандыруды жүргізіп жатыр. Елді газдандырудың жалпы деңгейі 2019 жылы 51,47%-ды құрады, бұл 9,54 млн. адам. Республика бойынша газ тарату желілерін салуға және оларды жаңғыртуға соңғы бес жылда 112,3 млрд. теңге инвестицияланды.

2019 жылғы 27 желтоқсанда «Сарыарқа» магистральдық газ құбырының бірінші учаскесі пайдалануға енгізілді. Оның жұмысы Нұр-Сұлтан, Қарағанды, Теміртау, Жезқазған қалаларының тұрғындарын және магистральдық газ құбыры трассының бойына жақын жатқан 171 елді мекенді табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бұл 2040 жылға қарай шамамен 2,7 млн. адам болмақ.

Бүгінгі күні «ҚазТрансГаз» АҚ тобы – бұл қуатты, қазіргі заманғы, мейілінше жоғары табысты компания. Осының барлығы дер кезінде бизнес-процестердің тиімділігін арттыруға, газ тасымалдау инфрақұрылымын басқаруға инновациялық тәсілдерді енгізуге, кадрлық саясатты нығайтуға және еңбек өнімділігін үш есеге арттыруға басты көңіл бөлгеннің арқасында мүмкін болды. Бес жылдың ішінде әр қызметкерге шаққанда пайданың өзі ғана бес есеге артты.

Дегенмен қазіргі заманның объективті шындығы жаңа көзқарасты – терең газ өңдеумен және газ-химиямен айналысатын өндірісті құруды талап етеді. Былтырғы жылдың желтоқсан айының аяғында ел Президенті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қойнауын пайдалану, газ және газбен жабдықтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына қол қойды.

Заңды қабылдау табиғи газдың пайдаланылуын кеңейту жөніндегі, газ өңдеу және газ-химиясы саласындағы жаңа жобаларды, сондай-ақ ресурстық базаны ұлғайту жөніндегі негізгі іс-шараларды іске асыруға мүмкіндік береді.

Осының бәрі Қазақстан Республикасының энергетикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық оператор «ҚазТрансГаз» АҚ жұмысы үшін кең ауқымды мүмкіндіктерге жол ашады.

Компания туралы

"ҚазТрансГаз" компаниясы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 ақпандағы №173 қаулысына сәйкес құрылған. 2004 жылғы 9 маусымда «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-II Заңына сәйкес «ҚазТрансГаз» жабық акционерлік қоғамы «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы болып қайта аталған. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы 2004 жылғы 09 маусымдағы №13898-1901-АҚ куәлігін Астана қаласының Әділет департаменті берген.

«ҚазТрансГаз» АҚ (ҚТГ), еліміздің және дүниежүзінің газ нарығында мемлекеттің мүдесін білдіретін, Қазақстан Республикасының газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор болып табылады. «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ оның Жалғыз акционері.

ҚТГ табиғи газды магистральдық газ құбырлары мен газ тарату желілері бойынша тауарлық газ тасымалдау жөніндегі орталықтандырылған инфрақұрылымды басқарады, халықаралық транзитті қамтамасыз етеді және ішкі және сыртқы нарықтарға газ сатумен айналысады, құбыр жолдары мен газ сақтау қоймаларын әзірлейді, қаржыландырады, салады және пайдаланады.

ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 5 шілдедегі №914 қаулысына сәйкес «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор болып айқындалды.

Есепті кезеңде «ҚазТрансГаз» компаниялар тобына 10 еншілес және тәуелді компания кіреді, олар мынадай бизнес-бағыттар бойынша берілген:

- ресурстық базаны кеңейту: «Амангелді Газ» ЖШС, «ҚМГ-Қансу Оперейтинг» ЖШС;
- магистральдық тасымалдау: «Интергаз Орталық Азия» АҚ, «Азиялық Газ құбыры» ЖШС, «Бейнеу-Шымкент Газ құбыры» ЖШС, «ҚазТрансГаз-Бішкек» ЖШҚ;
- газ тарату жүйелері бойынша тасымалдау: «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ,;
- газбен жүргізілетін сауда операциялары: «ҚазТрансГаз - Өнімдері» ЖШС, «ҚазРосГаз» ЖШС (сенімгерлік басқарудағы қатысу үлесі 50%);
- өзге де ЕТҰ: «Intergas Finance B.V.».

«ҚазТрансГаз» АҚ позицияларын бағалау және 2019 жылдың қорытындысы бойынша оның даму перспективалары

Бүгін Қазақстан жаңа газ нарығын белсенді түрде игеріп жатыр, атап айтқанда, еуразиялық газ тасымалдаудың негізгі ойыншыларының бірі болып табылады.

Ресей мен Қазақстан, ТМД мемлекеттерінің арасындағы шекарасы ең ұзыны бола отырып, көлік маршруттарымен, оның ішінде мұнай-газ құбыр жолдарымен өте тығыз байланысып отыр.

Қазақстанда әрқашан экономиканың мұнай секторын дамытуға үлкен басымдық берілген, газ біраз уақыт қара алтынның көлеңкесінде қалып қойды. Қазақстанның газ саласы үшін ең серпінді болған кезең ол соңғы 10 жыл.

ҚТГ бүкіл газ тасымалдау жүйесін толықтай жаңғыртып қана қоймай, сондай-ақ негізгі кен орындары бар еліміздің батысынан бастап оңтүстік-шығыс бағытында бірнеше мың шақырымдық қуатты магистральдар салды. Бұл орайда барлық технологиялық инфрақұрылым құрылды, оның мүмкіндігі қуаттарды ұлғайтып қана қоймай, кез келген бағытта газ ағындарын әртараптандыру. Ол тиімді географиялық жағдайы бар мемлекет үшін аса маңызды.

Бұл Қазақстан Республикасын газ нарығындағы маңызды ойыншы етіп қана қоймай, Ресей Федерациясы үшін бірлескен жобаларды іске асырудағы, экспорттық әлеуетті кеңейтудегі қажетті әріптес етті. Бұған қоса, Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы біздің елдердің ынтымақтастығы ортақ нарықты, оның ішінде газ нарығын жүргізуді білдіреді.

Қазақстандағы газ ресурстарының негізгі бөлігі ірі игерілетін немесе игеруге дайындалған ірі кен орындарында, оның ішінде мұнайлы – Теңіз, Қашаған, Королевское (Атырау облысы), газ конденсаты – Қарашығанақ (Батыс Қазақстан облысы), Жаңажол, Өріктау (Ақтөбе облысы) және басқа жерлерде шоғырланған.

Қазіргі кезде «Амангелді Газ» ЖШС, 2000 жылғы 12 желтоқсанда көмірсутек шикізатын бірлесіп барлауға және өндіруге арналған келісімшарттың негізінде, Жамбыл облысындағы газды кен орындарының Амангелді тобын игеруді жалғастырып жатыр.

Табиғи газдың алынған қорлары 01.01.2020ж. жағдай бойынша Амангелді кен орнында 12 388,7 млн. м³, Жарқұм кен орнында 357,3 млн. м³ және Айрақты кен орнында 5 150 млн. м³ құрайды.

«ҚазТрансГаз» АҚ-тың Қазақстан Республикасының нарығында газ өндіру қоры мен көлемдері көп емес және оның үлесі шашамен 1-2%-ды құрайды.

Бірыңғай газбен жабдықтау жүйесіне (бұдан әрі – БГЖ) 21 жер қойнауын пайдаланушы қосылған. Осыған байланысты, «ҚазТрансГаз» АҚ Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында БГЖ-ға ілеспе мұнай-газ өндіретін жер қойнауын пайдаланушыларды қосу сыни маңызды міндет болып табылады.

Қазақстан Республикасының газ секторын 2030 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының газ секторын кезең-кезең реформалауға және кешенді дамытуға қатысты пайымы мен негізгі көзқарасты айқындайды, дәстүрлі газ ресурсынан басқа көмір қабаттары метанын барлау мен өндіру бөлігінде Қазақстанда бар маңызды әлеуетті көздейді. 2016 жылғы қыркүйекте бекітілген Қазақстан Республикасының Энергетика министрі бекіткен көмір қабаттары метанын барлау мен өндіруді ұйымдастыру жөніндегі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмаларын іске асыру жөніндегі өзекті етілген Іс-шаралар жоспарын (Жол картасын) орындау үшін «ҚазТрансГаз» АҚ «Қарағанды көмір бассейнінің көмір қабаттары метанын өндіру» инновациялық инвестициялық жобасының шеңберінде көмір қабаттары метанын геологиялық барлау жөніндегі жұмысты жүргізуде.

Қазақстан үшін перспективті транзиттік бағыттардың бірі өткізу қабілеті жылына 55 млрд. текше м болатын «Қазақстан – Қытай» МГҚ болып табылады. Бүгінгі күні бұл еліміздің мұнай-газ саласындағы ірі инвестициялық жоба.

«ҚазТрансГаз» АҚ жалпы ұзындығы 19 146 км, жылдық өткізу қабілеті 230 млрд. м3 болатын Қазақстандағы ірі магистральдық газ құбырларының желісін және ұзындығы 49 000 км газ тарату желілерін пайдалануды жүзеге асырады.

«ҚазТрансГаз» АҚ Қазақстанда жалпы белсенді сақтау көлемі 4,6 млрд. м3 болатын 3 ірі жерасты қоймасын (Бозой, Ақыртөбе, Полторацкое) басқарады. Газ тасымалдау 40 компрессорлық станциямен және 232 газ айдау агрегатымен қамтамасыз етіледі.

Қазақстан аумағында «ҚазТрансГаз» АҚ-тың мынадай бизнес-бағыттар бойынша еншілес құрылымдары бар:

- Магистральдық газ тасымалдау
 - «Интергаз Орталық Азия» АҚ (ИОА), 86% ҚТГ ЕТҰ;
 - «Азиялық Газ құбыры» ЖШС (АГҚ), 50% ҚТГ ЕТҰ;
 - «Бейнеу-Шымкент Газ құбыры» ЖШС (БШГ), 50% ҚТГ ЕТҰ;
- Газ тарату желілері бойынша тасымалдау
 - «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ (ҚТГ Аймақ), 100% ҚТГ ЕТҰ;
- Газ және газ конденсатын өндіру
 - «Амангелді Газ» ЖШС (АГ), 100% ҚТГ ЕТҰ.

Жиынтықты алғанда «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы жалпы ұзындығы шамамен 69 мың км. болатын газ құбырларын пайдаланады, оның ішінде жылдық өткізу қабілеті 20 мың км асатын 267,8 млрд. м3 дейінгі және ұзындығы 49 мың км. газ тарату желілері.

«ҚазТрансГаз» АҚ ел тұрғындарының жартысынан көбін тауарлық газбен қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының ішкі нарығына газды негізгі жеткізуші болып табылады. Соңғы жылдары компания елдің әр облысында газ тасымалдау инфрақұрылымын және тарату желілерін жаңғырту мен салу бойынша ауқымды жұмыстар жүргізгенін айта кеткен жөн. Соңғы жеті жылдың өзінде ғана үш миллионнан астам қазақстандық газ пайдалану мүмкіндігін алды, тұрғындарды газдандыру деңгейі 2013 жылы 30%-дан 2019 жылы 51,47%-ға дейін өсіп, 9 млн. астам азаматты құрады. Газдандырылған отандық кәсіпорындардың саны екі есеге - 23 725-тен 48 529 дейін артты.



Газдандырудың 2015-2030 жылдарға арналған бас схемасы жаңа газ құбырларын кең ауқымды салу арқылы газға деген Қазақстанның ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға ғана емес, сондай-ақ республика өңірлерін газбен жабдықтауда газдың баламалы және ұтымды көздерін іздестіруге бақытталған. Бұдан басқа, өңірлерді компримирленген табиғи газбен газдандыруды ынталандыру мен дамыту аясында газ мотор отыны ретінде пайдаланатын көлік құралдары үшін ынталандыру шаралары көзделетін болады.

Ішкі және сыртқы нарықтарға көмірсутектерін жеткізудің көп бағыттылық принциптеріне негізделе отырып, Қазақстан табиғи газдың транзиттік және экспорттық жеткізілімі бойынша барлық экономикалық тиімді маршруттарды дамытуға ұмтылады. Бұл ретте ол үшін көршілес елдермен келісілген энергетикалық саясатты жүргізу маңызды болып қалмақ, себебі транзиттік-экспорттық маршруттар олардың аумақтары арқылы өтеді.

Ішкі тұтыну өсімін және кері айдаудың айтарлықтай көлемдерін ескерсек, Қазақстанның экспорттық газ әлеуеті әзірше соншалықты маңызды емес. Экспорттық жеткізілімдердің айтарлықтай өсімі, мәселен, кері айдаудың елеулі көлемдерін азайту есебінен мүмкін болмақ, ол кен орындарын игерудің технологиялық схемаларымен көзделмей отыр.

«Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тауарлық газдың көтерме шекті бағаларын жыл сайын Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі бекітеді.


Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің 2018 жылғы 7 қарашада өткізген отырысының қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі "Тауарлық газды ішкі нарықта көтерме саудада өткізудің шекті


бағаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 15 мамырдағы № 188 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 10 желтоқсандағы № 418 бұйрығын қабылдады.


Жоғарыда көрсетілген бұйрыққа сәйкес тауарлық газды көтерме саудада өткізу бағалары 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап 2019 жылғы 30 маусымдағы кезеңде республика бойынша орташа алғанда 11%-ға (3,8%-дан Шымкент қ. және Түркістан облысында, 17,5%-ға Алматы қ. және Алматы облысында) төмендетілген.

2019 жылғы 1 шілдеден бастап 2020 жылғы 30 маусымдағы кезеңде Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2019 жылғы 13 мамырдағы № 169 бұйрығына сәйкес тауарлық газды көтерме саудада өткізу бағалары 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылатын деңгейде сақталған.

2019 жылғы оқиғалар

 2019 жылғы 16 сәуірде Ресей Федерациясы бағытында түркімен газы қайта жеткізіле бастады.

 «Үстірт» КС-1А құрылысы аяқталды. «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ қуаты жылына 13 млрд. м3 дейін жеткізілді.


 «ИОА» АҚ «Бейнеу-Бозой-Шымкент» ЖШС-ның «Қараөзек» КС 32,7 млрд. теңге сомасына өткізді.

 3 (үш) инвестициялық жобаны іске асыру аяқталды:


1. «БГА-ТБА» МГҚ мен «Қазақстан-Қытай» МГҚ арасында ТІР-02 жалғастырғыштағы сығымдау компрессорлық станциясының құрылысы»;

2. «Тараз қ. газ тарату желілерін жаңғырту»;

3. «Маңғыстау облысының елді мекендерінде ГТС жаңғырту, қайта құру және жаңасын салу».

 2019 жылғы 07 тамызда Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі «ҚазТрансГаз» АҚ-тың және оның еншілес компаниялары «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, «Интергаз Орталық Азия» АҚ рейтингтерін «ВВВ-» деңгейінде растады. Болжам – «тұрақты».

 2019 жылғы 14 тамызда «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС (БШГ) MUFG Bank, Ltd (Жапония) және Bank of China, Ltd (ҚХР) халықаралық банктерімен жалпы сомасы 720 млн. АҚШ долларына синдикатталған қарыз тарту туралы Кредиттік келісімге қол қойды. БШГ кредиттік қаражатты Қытай Даму Банкі мен Қытай Банкі 2012 жылы берген міндеттемелерді қайта қаржыландыруға жібереді, оның нәтижесінде сыйақыларды төлеу жөніндегі шығыстар жылына 10 млн. АҚШ долларына қасқарады.

 2019 жылғы 22 тамызда Moody`s рейтингтік агенттігі «ҚазТрансГаз» АҚ, «Интергаз Орталық Азия» АҚ эмитенті дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін шетелдік валютада «Ваа3» деңгейінде растады. Рейтингтер бойынша болжам «Тұрақты» деңгейінен «Позитивті» деңгейіне дейін өзгерді. Кредиттік қабілеттілік базалық бағасы «ba2» деңгейінен «ba1» деңгейіне дейін көтерілді.

2019 жылғы 6 қыркүйекте «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының бойында төрт вахталық кент – «Сексеуіл», «Ақсуат», «Қараөзек», «Шорнақ» пайдалануға енгізілді. «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының өткізу қабілетін жылына 10 млрд. м³-тен 15 млрд. м³ дейін ұлғайту жөніндегі іс-шаралар аясында 2019 жылғы сәуірде үш компрессорлық станция - «Түркістан», «Арал», «Қорқыт-Ата» пайдалануға енгізілді, сондай-ақ 2019 жылғы қазанда өткізу қабілетін ұлғайту үшін «Ақбұлақ» ГЭС-те газ тазалау блогінің жабдықтарын ауыстыру жұмыстары аяқталды.




2019 жылғы 30 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті «Жер қойнауын пайдалану, газ және газбен жабдықтау мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды, онымен:

- «ҚазТрансГаз» АҚ-қа газ және газ конденсаты кен орындарында көмірсутектерін барлау және өндіру бойынша қосымша өкілдіктер беру;
- тауарлық газдың шекті көтерме сауда бағаларын және жер қойнауын пайдалану сатып алу бағаларын бекіту мерзімдерін синхрондау;
- инвестициялық жобалар (мұнай-газ-химия өнімдері, мотор отыны), сондай-ақ электрэнергия және реттеуші қуаттар тапшылығын жабатын жаңа булы газ электростанциялары үшін тауарлық газ баға белгілеу тетігін жетілдіру мақсатында тұтынушылардың жаңа санаттарын енгізу көзделген.




Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің тұрғындар мен заңды тұлғалар үшін электр энергиясы тарифін төмендету туралы 2018 жылғы 7 қарашадағы

шешімін орындау үшін Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2018 жылғы 10 желтоқсандағы №490 бұйрығымен 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап тауарлық газды көтерме саудада өткізу бағалары 3,8%-дан Шымкент қ. және Түркістан облысында, 17,5%-ға Алматы қ. және Алматы облысында төмендетілген болатын.

 Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2019 жылғы 13 мамырдағы №169 бұйрығымен 2019 жылғы 1 шілдеден бастап 2020 жылғы 30 маусымдағы кезеңге көтерме сауда бағалары бұрынғы деңгейде сақталды.



Инвестициялық жобалар аясында тарату газ құбырлары бойынша газдандыру жұмыстары жүргізілді:

-  «Тараз қ. газ тарату желілерін жаңғырту» жобасын іске асыру аяқталды.
-  «Маңғыстау облысының елді мекендерінде ГТС жаңғырту, қайта құру және жаңасын салу» жобасын іске асыру аяқталды.
-  2018 жылдан бастап «Алматы қ. газдандыру, Алматы қ. газ тарату желілерін жаңғырту, қайта құру» жобасы іске асырылуда.

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының стратегиялық мақсаттары

2019 жылы ҚМГ даму стратегиясы газ қорын ұлғайту және газды ішкі нарықта ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету бөлігімен толықтырылды. Бұл Қазақстанда табиғи газ тұтынудың күтілетін өсіміне және табиғи газдың экспорттық және транзиттік әлеуетін дамытуға қатысты Компанияның ниетіне тікелей байланысты.

Газ тасымалдау әлеуетін тиімді пайдалану және табыстағы жағынан экспорттық және транзиттік құраушыны ұлғайту үшін Компания мыналарға бақытталған:

- **Қытайға жіберілетін газ экспорты**

Бейнеу-Бозой-Шымкент және Қазақстан-Қытай магистральдық газ құбырларының қуаттарын кеңейту Қытайға 2019 жылдан бастап және кейінгі жылдарда да жылына 10 млрд. м³ дейін тауарлық газды тұрақты түрде экспортқа жеткізуді үдетуге Компанияға мүмкіндік береді.

- **Газ өңдеу өнімдерінің экспорты**

Компания оларды ішкі нарыққа және экспортқа өткізу үшін жоғары қосылған құнымен газ өңдеу өнімдерін өндіру жөніндегі қуаттарды салу мәселелерін пысықтауда.

- **Ішкі нарықта газды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету**


Компания газды ішкі нарықта ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік органдармен жүргізіліп жатқан жұмысты жалғастыруда.





- **Транзиттік әлеуетті дамыту**

Компания Қытай мен Ресейдің дамып жатқан ірі нарықтарының аясында шекаралас елдермен транзиттен түсетін пайданы барынша ұлғайту жұмыстарын жалғастырады.

Тұтынушыларды сенімді әрі тиімді қамтамасыз ету және газ өткізу нарықтарын әртараптандыру Компания қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады. Газ тасымалдау инфрақұрылымының өткізу қабілеті елдегі газ өндірісінің әлеуетті өсіміне сәйкес дамыған. Газ тасымалдау жүйесіне дер кезінде инвестиция құйғанның арқасында, Компания елдің өңірлерін табиғи газбен қамтамасыз етіп, экспорттық бағыттар әлеуетін ұлғайтуда.

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы қызметінің қаржылық және өндірістік көрсеткіштері





ЕТҰ бөлігіндегі негізгі өндірістік және қаржылық көрсеткіштер

«ҚазТрансГаз» АҚ Корпоративтік орталығының негізгі қызмет түрлері газды сыртқы және ішкі нарықтарда өткізу, тасымалдау және тарату газ құбырларын пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын еншілес және тәуелді ұйымдарға жетекшілік ету болып табылады.

Өндірістік көрсеткіштер

	2017	2018	2019	2018 жылға %
Табиғи газ өткізу, млн. м ³	18 638	23 835	23 926	100%
Сыртқы нарық	13 689	14 918	15 120	101%
Экспорт	4 949	8 917	8 806	99%

(топшилік операцияларды санамағанда)



«ҚазТрансГаз» АҚ Корпоративтік орталығы бойынша 2019 жылы топшілік операцияларды алмай тұрып, табиғи газды өткізу 23 926 млн. м³ құрады, оның ішінде экспортқа – 8 806 млн. м³.

Ішкі нарық тұтынушыларына газ жеткізу «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ және қазақстандық жер қойнауын пайдаланушы ресурстарынан өзге де газ тарату ұйымдары арқылы, сондай-ақ «Газпром» ЖАҚ-пен жасалған СВОП-операциялары шеңберінде жеткізілетін импорт газын өткізу жолымен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларын орындау үшін, Ақтөбе облысының жер қойнауын пайдаланушыларының ілеспе газды кәдеге жарату жобасын іске асыру аясында, жеке инвесторды тарту арқылы Қожасай кен орнында КТГҚ-40 газ өңдеу зауытын салу жобасы іске асырылды. Осы жобаның талаптарының бірі ГӨЗ-ге шикі газды кепілді жеткізу және Ақтөбе облысының жер қойнауын пайдаланушыларынан шикі газ сатып алу/сату болып табылады.

2019 жылы «ҚазТрансГаз» АҚ мен «GPC» ЖШС арасында Қожасай кен орнында ілеспе мұнай газын өңдеуге арналған шартқа қол қойылды. Шикі газды өңдеудің нақты көлемі 293 702 мың м³ құрады, одан 277 000 мың м³ көлемінде тауарлық газ алынды.

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР, МЛН. ТЕҢГЕ

	2017	2018	2019	2018 жылға %
Өнімді өткізуден және қызметтер көрсетуден түскен табыс, млн. теңге	418 189	769 079	919 924	120%
Жалпы пайда	159 215	410 415	417 773	102%
Таза пайда	33 778	108 176	46 405	43%

«Интергаз Орталық Азия» АҚ (бұдан әрі – «ИОА АҚ») қызметінің негізгі бағыттары магистральдық газ құбырлары жүйесі бойынша табиғи газды тасымалдау,

жерасты қоймаларында газ сақтау жөніндегі қызметтер көрсету, магистральдық газ құбырлары мен бөлу желілерін пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету.

Табиғи газды тасымалдау Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Батыс Қазақстан, Алматы, Маңғыстау, Ақтөбе және Қызылорда облыстарының аумақтары бойынша жүзеге асырылады.

Табиғи газды тасымалдау Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Батыс Қазақстан, Алматы, Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе және Қызылорда облыстарының аумағы бойынша жүзеге асырылады.

Халықаралық тасымалдау «ИОА» АҚ бизнесінің негізгі кіріс көзін құраушы болып табылады.

«Интергаз Орталық Азия» АҚ

ИОА ҚТГ-ның 86% еншілес ұйымы болып табылады, үш жерасты газ қоймаларын және екі негізгі магистральдық газ құбырлары жүйесін пайдалануды жүзеге асырады.

- «Батыс құбыржолы желісі» - Батыс Қазақстандағы газ құбыры желілері, олар Орта Азиядағы (Орта Азия жүйесін, Орал және Ақтөбе газ құбырлары жүйелерін қосады) қолданыстағы табиғи газ кен орындарына қызмет көрсетеді;

- «Оңтүстік құбыр желісі» - Өзбекстан мен Қазақстан шекарасынан еліміздің оңтүстік өңірлеріне газ жеткізетін (оңтүстік және Қызылорда құбыржолдары жүйесін қосады) оңтүстік Қазақстандағы газ құбыры желілері.

ИОА қызметінің негізгі бағыттары:

- Түркіменстан мен Өзбекстаннан Қазақстан аумағы арқылы РФ-ға газ тасымалдау транзиті;

- Негізінен экспорт үшін Теңіз және Қарашығанақ газ конденсаты кен орындарынан РФ-ға газ тасымалдау;

- РФ-ның бір бөлігінен екіншісіне Қазақстанның аумағы арқылы газ тасымалдау транзиті;

- Ташкент қ. үшін өзбек газын транзиттік тасымалдау.

Табиғи газды халықаралық тасымалдау «ИОА» АҚ бизнесінің негізгі табысын құрайды.

ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР


	2017	2018	2019	2018 жылға %
Газ тасымалдау көлемдері , млн. м3	76 564	80 134	72 961	91%
Ішкі нарық	12 916	13 568	13 663	101%
Экспорт	16 710	18 873	19 069	101%
Халықаралық транзит	46 938	47 693	40 229	84%

2018 жылмен салыстырғанда «Газпром» ЖАҚ ресей газ тасымалдау көлемдерінің төмендегені байқалады.

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР, МЛН. ТЕҢГЕ


	2017	2018	2019	2018 жылға %
Өнімді өткізуден және қызметтер көрсетуден түскен табыс, млн. теңге	185 556	195 111	236 542	121%
Жалпы пайда	106 993	104 750	135 467	129%
Таза пайда	64 586	59 529	94 182	158%

Табиғи газды тасымалдау көлемдері (млн. м3)



ЖГҚ, млн.м3	2017	2018	2019	Ауытқулар2019/2018, %
ЖГҚ-дан газ іріктеу	1 752	1 699	1 806	6%
ЖГҚ-ға газ айдау	1 369	937	1 989	212%

Тауарлық-тасымалдау жұмыстарының көлемдері (млрд. м3/км)



«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-тың негізгі қызметі магистральдық және тарату газ құбырлары арқылы газ тасымалдау бойынша қызметтер көрсету, газ маркетингі, сатып алу және газды тұтынушыларға өткізу.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-тың басым міндеттері «ҚазТрансГаз Аймақ» болатын өңірлерде барлық санаттағы тұтынушыларды (халықты, коммуналдық мақсаттағы кәсіпорындарды, өнеркәсіптік кәсіпорындарды) авариясыз, іркіліссіз және қауіпсіз газбен жабдықтаумен қамтамасыз ету болып табылады.

ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

	2017	2018	2019	2018 жылға %
Газды таратып тасымалдау, млн. м3	9 597	9 848	9 726	99%
Газды магистральдық тасымалдау, млн. м3	2 501	2 622	2 554	97%
Табиғи газды өткізу, млн. м2	11 527	12 378	12 663	102%

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР, МЛН. ТЕҢГЕ

	2017	2018	2019	2018 жылға %
Өнімді өткізуден және қызметтер көрсетуден түскен табыс, млн. теңге	227 415	242 042	222 504	92%
Жалпы пайда	25 170	23 421	17 693	76%
Таза пайда	12 617	6 466	6 332	98%



«Амангелді Газ» ЖШС

«Амангелді Газ» ЖШС қызметінің негізгі түрі газ және газ конденсатын өндіру болып табылады.

ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

	2017	2018	2019	2018 жылға %
Газ өндіру, млн. м3	344	349	350	100%
Газ конденсатын өндіру, тонн	21	19	17	89%

2019 жылы жоспарлы газ өндіру көлемдері бөлігінде өндірістік бағдарламаны орындау 2018 жылмен салыстырғанда 100% құрады, газ конденсаты 89%.

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ, МЛН. ТЕҢГЕ

	2017	2018	2019	2018 жылға %
Өнімді өткізуден және қызметтер көрсетуден түскен табыс, млн. теңге	12 767	13 010	13 048	100%
Жалпы пайда	9 302	8 707	9 092	104%
Таза пайда	6 126	6 035	5 950	99%

Газ және газ конденсатын өткізуден түскен табыс 13 048 млн. теңгені құрады.

«ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС

«ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС-ның негізгі қызметі көлік қызметтерін көрсету болып табылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ, МЛН. ТЕНГЕ

	2017	2018	2019	2018 жылға %
Өнімді өткізуден және қызметтер көрсетуден түскен табыс, млн. теңге	11 255	12 916	14 108	109%
Жалпы пайда	1 711	2 268	2 364	104%
Таза пайда	271	473	340	72%

Газ-мотор инфрақұрылымын дамыту

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018ж. 29.11-дегі №797 қаулысымен КТГ өткізу көлемі, автобустар саны мен КТГ коммуналдық техника және АГТКС салу бойынша нысаналы көрсеткіштерді көрсете отырып, 2019-2022 жылдарға арналған мотор отыны ретінде табиғи газды пайдалануды кеңейту жөніндегі Іс-шаралар жоспары бекітілген.

Экологиялық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің ведомстволық комиссиясы 12.12.2018ж. отырысының №2 хаттамасымен, инвестициялар және дамыту, энергетика министрліктері, жергілікті атқарушы органдар, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «ҚазТрансГаз» АҚ бойынша елдің газдандырылған өңірлеріндегі көлік секторында мотор отыны ретінде табиғи газды пайдалануды кеңейту жөнінде шаралар қабылдау және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018ж. 29.11-дегі №797 қаулысымен бекітілген 2019-2022 жылдарға арналған мотор отыны ретінде табиғи газды пайдалануды кеңейту жөніндегі Іс-шаралар жоспарының орындалу барысын бақылауға алу тапсырылды.

2019 жылы жаңа АГТКС салу жүзеге асырылған жоқ.

2019 жылы Алматы, Ақтөбе, Рудный қалаларында АГТКС-тан 10 962 716,55 м3 компримирленген табиғи газ (КТГ) өткізілді.

2020 жылы «85 АГТКС салу» инвестициялық жобасы әзірленіп, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Инвестициялық комитетіне қарауға жіберілді.




Инвестициялық қызмет

Негізгі стратегиялық басымдықтар мен бизнес-бағыттарға сәйкес «ҚазТрансГаз» АҚ-тың ұзақ мерзімді Инвестициялық бағдарламасы мынадай міндеттерді шешуге бағдарланған:

1. Газ кен орындарын жете барлау және жаңаларын пайдалануға енгізу бағдарламаларын, инертті газдарды коммерциализациялау жобасын іске асыру.
2. Түпкі тұтынушыларға газ тасымалдау жөніндегі қызметтердің теңгерімді, сенімді және іркілссіз берілуін қамтамасыз ету.
3. Өндірістік және технологиялық әлеуетті оңтайландыру есебінен олардың сенімділігін, қауіпсіздігін және тиімді пайдаланылуын арттыру мақсатында магистральдық газ құбырлары жүйелерін жаңғырту.
4. Қазақстан Республикасының елді мекендерін газдандыру жолымен газбен жабдықтаудың ішкі нарығын кеңейту.
5. Қазақстан Республикасының транзиттік және экспорттық әлеуетін дамыту.
6. Ресурстық базаны дамыту.
7. Газ-химия саласының бәсекеге қабілеттілігін жасау.



**2010-2019жж. кезеңіндегі жаңа инвестициялық жобаларға КВЛ,
ҚҚС-сыз млн. теңге**



Бірлесіп бақыланатын ұйымдар - «АГП» ЖШС, «ГБШ» ЖШС жобаларын ескермегенде

2019 жылы «ҚазТрансГаз» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының инвестициялық жобаларын іске асыруға салынған күрделі салымдардың жалпы көлемдері 46 951 млн. теңгені құрады. Өткен кезеңдегі ұқсас көрсеткіштермен салыстырғанда есепті кезеңде инвестициялардың азаюы 2018 жылы «ББШ МГҚ 4 (төрт) компрессорлық станция салу» инвестициялық жобасының аясында «Арал»,

«Қорқыт-Ата» және «Түркістан» компрессорлық станцияларын жедел салу қарқынына байланысты.

РЕСУРСТЫҚ БАЗАНЫ КЕҢЕЙТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ЖОБАЛАР

Қазіргі кезде ресурстық базаны кеңейту үшін төменде көрсетілген инвестициялық жобаларды іске асыру жұмыстарын жүргізіп жатыр:



«Газ кен орындарының Амангелді тобын игеру»;



«Қарағанды көмір бассейнінің көмір қабатының метанын өндіру (геологиялық барлау жұмыстары)».

«Газ кен орындарының Амангелді тобын игеру» жобасы

2010-2014 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының газ саласын дамыту бағдарламасына сәйкес республиканың оңтүстік аймақтарының тұтынушыларын газбен қамтамасыз ету және энергетикалық қауіпсіздікпен қамтамасыз ету мақсатында, «ҚазТрансГаз» АҚ 2000 жылғы 12 желтоқсанда Көмірсутек шикізатын бірлесіп барлауға және өңдеуге арналған келісімшарт негізінде Жамбыл облысындағы газ кен орындарының Амангелді тобын игеруді жалғастырып жатыр.

Аталған Келісімшарттың әрекет ету мерзімі – 2031 жылға дейін.

Жобаны іске асыру шеңберінде «Амангелді» кен орнын өнеркәсіптік пайдалану және өзіне геологиялық барлау және сейсмикалық жұмыстар кешенін, артық қорларды санауды, тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалану жобаларын, өңдеу ұнғымаларын салу жобаларын және кен орнын орналастыру объектісін әзірлеуді қосатын Амангелді тобының басқа кен орындарын игеру жүзеге асырылады. 2018 жылы Амангелді кен орындарының газ, конденсат және ілеспе компоненттерінің қоры 2018 жылғы 01 шілдедегі жағдай бойынша қайта есептелді және 2019 жылы Қазақстан Республикасының Пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиямен бекітілді (10.07.2019ж. №2067-19-У хаттама). Амангелді кен орындары тобындағы бекітіліп өндірілетін табиғи газ қоры **23 011 млн. м3** құрайды.

2008 жылдан бастап Амангелді кен орны өнеркәсіптік игеру сатысына көшті. Қазіргі кезде 35 ұңғыма пайдаланылуда.

2018 жылдың 24 ақпанында Жарқұм кен орны өнеркәсіптік игеру кезеңіне шықты. Қазіргі кезде 6 ұңғыма пайдаланылуда, 2018 жылғы 6 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігімен Жарқұм кен орнын өнеркәсіптік игеруге енгізу бойынша келісімшартқа №13 толықтыруға қол қойылды.

2017 жылғы қыркүйектен бастап Айрақты кен орны тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді. Қазіргі кезде 8 пайдаланушы ұңғымада жұмыс жүргізілуде. МОГТ-3Д сейсмикалық деректері мен ұнғымаларды бұрғылау деректері ескеріле отырып, Айрақты кен орнының геологиялық және гидродинамикалық моделі салынды. Айрақты кен орнын игеруге талдау жүргізіліп, ол 2019 жылғы қазанда 2019-2021 жылдарға арналып нақтыланған жобалық технологиялық көрсеткіштерімен бекітілген.

«Амангелді Газ» ЖШС-мен Анабай-Малдыбай, Барханныя-Сұлтанқұдық, Құмырлы-Қосқұдық, Үшарал-Үшарал Северный және Кемпіртөбе учаскелерінде геологиялық барлау жұмыстары жүргізілуде. 2018 жылғы 11 желтоқсанда Қазақстан

Республикасының Энергетика министрлігімен барлау кезеңін 3 жылға 12.12.2021 жылға дейін ұзарту туралы келісімшартқа №14 толықтыруға қол қойылды.

2018 жылғы 30 қарашада Қазақстан Республикасының көмірсутек кен орындарын барлау және игеру жөніндегі Орталық комиссиясының отырысында: «Анабай кен орнын бағалау мақсатында барлау жүргізуге арналған жоба» және «Барханная-Сұлтанқұдық учаскесінде бағалау мақсатында бұрғылау жүргізуге арналған жоба» жобалары бекітілді.

Барханная-Сұлтанқұдық құрылымында 690 кв. км. толыққанды жалпы көлемде ЖТНӨ 3D 257,1 сейсмикалық барлау жұмыстары жүргізілді.

Өнеркәсіптік игеру басталғалы бері Амангелді кен орнында 4,96 млрд. м³ табиғи газ және 358,3 мың тонна газ конденсаты өндірілді. Соның ішінде 2019 жылы 301,04 млн. м³ табиғи газ, 16,358 мың тонна газ конденсаты өндірілді.

Өнеркәсіптік игеру басталғалы бері Жарқұм кен орнында 68,71 млн. м³ табиғи газ және 512,5 тонна газ конденсаты, соның ішінде 2019 жылы 9,81 млн. м³ табиғи газ, 58,144 мың тонна газ конденсаты өндірілді.

Айрақты кен орнын пайдаланғаннан бері 82,97 млн. м³ табиғи газ және 1189,1 тонна газ конденсаты, соның ішінде 2019 жылы 39,19 млн. м³ табиғи газ, 497,225 мың тонна газ конденсаты өндірілді.

2019 жылы «Амангелді Газ» ЖШС 350,04 млн. м³ табиғи газ, 16,914 тонна газ конденсатын өндірді.

«Қарағанды көмір бассейнінің көмір қабатынан метан өндіру» жобасы (геологиялық барлау жұмыстары)

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқармасының шешімімен «Қарағанды көмір бассейнінің көмір қабатынан метан өндіру» жобасы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ 2014-2018 жылдарға арналған инновациялық-технологиялық даму стратегиясын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарының инновациялық жобаларының тізбесіне қосылған.

2016 жылдың қыркүйегінде Қазақстан Республикасының Энергетика министрімен Мемлекет басшысының Көмір қабаттарының метанын (КҚМ) барлау және өндіру жөніндегі тапсырмасын іске асыру бойынша өзекті етілген іс-шаралар жоспары (Жол картасы) бекітілді. «ҚазТрансГаз» АҚ Қарағанды көмір бассейнінің Шерубайнұра көмірлі ауданындағы жер қойнауын пайдаланушы «Сарыарқа» ӘКБ» ҰК АҚ келісімшарттық аумағында ҒЗТҚЖ шеңберінде геологиялық балау жұмыстарын жүргізуші – Жобаның операторы болып айқындалды (2015ж.03.04. Келісімге сәйкес).

Қоғам КҚМ барлау және өндіру мәселелерімен айналысатын жетекші отандық ғалымдармен және жер қойнауын пайдаланушылармен, қазіргі әлемдік көмір метанын барлау және өндіру технологиялары мен тәжірибелері бар шетелдік компаниялармен ұдайы кездесулер өткізіп тұрады.

КҚМ геологиялық барлау жұмыстары күрделі ғылыми-техникалық міндеттерді қамтиды, ҒЗТҚЖ шеңберінде жүргізіледі және нақты аумақтың газдылығын зерттеуге, КҚМ өндірудің аса қолайлы технологияларын жасауға бағытталған. ҒЗТҚЖ шеңберінде қазіргі шетелдік технологияларды/ұңғымаларды салу әдістерін қолдану, халықаралық тәжірибе есебімен және білікті сервистік мердігер ұйымдарды және т.б. тарта отырып, КҚМ дебиттерін игеру және қарқындалу бойынша ықтимал нұсқаларды қабылдайды.

2015-2017 жж. кезеңінде барлау және іздестіру ұңғымалары бұрғыланып, газ ағыны алынды. Ұңғымаларға геофизикалық зерттеулер жүргізілді, кернді Corelab (АҚШ), NCCBM (ҚХР), Geokrak (Польша) мамандандырылған зертханаларында далалық және зертханалық зерттеулерден өткізді. Ұңғымалар зерттеліп игерілді, ұңғымалар уақытша консервацияға енгізілді.

«Baker Hughes Kazakhstan» ЖШС-мен «Қарағанды бассейнінің көмірлі ауданының Шерубайнұра КҚМ өндірудің және коммерциализациялаудың перспективтілігін бағалау» техникалық-экономикалық есебі әзірленді, онда зерттеу жұмыстарын жалғастыру ұсынымдалды.

2018 жылы «Шерубайнұра учаскесінде КҚМ қорларын жедел есептеу» есебін жасау жұмыстары аяқталды, қорларды ҚР МКҚ санаты бойынша C_2 – 5,7 млрд. м3 мемлекеттік балансқа қою жүзеге асырылды.

КҚМ перспективтілігін толыққанды бағалау үшін және өнеркәсіптік метанды алудың тиімді технологияларын пысықтау үшін «ҚазТрансГаз» АҚ КҚМ геологиялық барлау жұмыстарын жалғастыру туралы шешім қабылдады.

Қарағанды көмір бассейнінің геологиялық шарттарын ескере отырып тік учаскелерде зерттеулер мен көп кезеңді жер қабатын гидравликалық жаруды (ЖГЖ) жүргізумен тік ұңғымаларды салу жоспарланып отыр.

2018 жылғы шілдеде ҚМГ-ның Инвестициялық комитетінің шешімімен (04.07.2018ж. №13-18 хаттама) ҚТГ-ның меншік қаражаты есебінен 1 400 млн. теңге мөлшерінде ГРР-ды қосымша қаржыландыру мақұлданды.

2019 жылы жобалық құжаттар әзірленіп, олар мемлекеттік органдарда келісілді: «Қарағанды көмір бассейнінің Шерубайнұра учаскесінде КҚМ барлау жұмыстары жобасы» және «Шерубайнұра учаскесінде Ш-11, Ш-12, Ш-13, Ш-14 ұңғымаларын салуға арналған жеке техникалық жобалар» ЖСҚ.

2019 жылдың аяғында 2020-2021 жж. геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу үшін мердігер ұйымды анықтау бойынша сатып алу рәсімдері жүргізілді, оның нәтижелері бойынша алынатын қорлардың негіздемесімен және көмір метанын Қазақстан Республикасының мемлекеттік балансына қоя отырып, КҚМ қорын есептеу бойынша есеп жасалған болатын.

Жобаны одан әрі іске асыру туралы шешім 2020-2021 жж. геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Инвестициялық комитетінің отырысында қабылданатын болады.

Мемлекеттік қолдау шаралары

Қазақстан Республикасы өңірлеріндегі тұрғындар үшін инвестиция тарту және КҚМ тауарлық газдың ұтымды құнын қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында, 2015-2017 жж. кезеңінде уәкілетті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесіп КҚМ барлау және өндіру қызметін мемлекеттік қолдау туралы бастама көтеру жұмыстары жүргізілді:

- 2016 жылы «Қазақстан Республиканың «жасыл экономикаға» көшу мәселелері жөнінде Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойылды, онда қолданыстағы салық және инвестициялық преференциялар (оның ішінде: КПП мен жер салығынан 10 жылға, мүлік салығынан 8 жылға босату, оның ішінде - 0% мөлшерлеме бойынша) алу бөлігінде КҚМ өндіру қызметін мемлекеттік қолдау шаралары бекітілді;

- 2017 жылы «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне қол қойылды, онда КҚМ барлау және өндіру қызметі;

- КҚМ өндіру инвестициялық жобаларын іске асыруды басым қызмет түрлерінің тізбесіне қосу құқығын көздейтін «Инвестицияларды мемлекеттік қолдауды іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №13 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасына ұсыныстар Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізілді.

Жобаларды одан әрі дамыту мақсатында КҚМ бойынша инвесторлар компанияларымен бірлескен ынтымақтастық бойынша келіссөздер жүргізілуде.

«Қансу» жобасы»

2015 жылы 21 қазанда «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (№14/2015 хаттама 17 тармақ) «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ 100% қатысу үлесін «ҚазТрансГаз» АҚ пайдасына иеліктен шығару мәселесі мақұлданды.

2016 жылдың 19 қаңтарында Жалғыз қатысушы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-тың «ҚазТрансГаз» АҚ ауысуына байланысты Ақтау қ. Әділет басқармасында «КМГ-Кансу Оперейтинг» ЖШС қайта тіркеу жүргізілді.

2016 жылдың 30 мамырында Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігінің, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ және «КМГ-Кансу Оперейтинг» ЖШС арасындағы Маңғыстау облысында орналасқан Қансу учаскесіндегі көмірсутек шикізатын барлауға арналған 2013ж.01.10. №3949-КСШ Келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беру туралы №2 Қосымшаға қол қойылды.

2016 жылдың 22 қыркүйегінде ҚР Энергетика министрлігінің Пайдалы қазбаларды барлау және игеру жөніндегі орталық комиссиясының отырысында қаралды және келісілді және ҚР ЭМ-де Қансу учаскесіндегі мұнай және газға арналған іздеу жұмыстарының жобасына №1 Толықтыру (бұдан әрі - ІЖЖТ) бекітуге қабылданды.

Бекітілген ІЖЖТ сәйкес 2016-2019 жылдарға арналған Келісімшарттың Жұмыс бағдарламасына өзгерістер енгізілді.

2016 жылдың 1 қазанында Қансу кен орнының геологиялық моделін құру жұмыстары аяқталды. Үш өлшемді геологиялық моделдер құрылды, бор және юра шөгінділері бойынша бастапқы геологиялық қорлардың бағалауы жүргізілді.

2016 жылдың 31 қазанында «Қансу» учаскесіндегі қоршаған ортаның қазіргі жағдайының аудиті» Жобасы бойынша жұмыстар аяқталды. Жұмыс жүргізілген жалпы алаң «Қансу» учаскесінің келісімшарттық аумағына тең және 4374,64 кв. км. құрайды.

2016 жылдың 2 желтоқсанында ҚР ЭМ Жұмыс тобының Келісімшартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуіне қатысты отырысы болып өтті (ҚР ЭМ Жұмыс тобының № 15 хаттамасы). Осы отырыстың қорытындысы бойынша Құзыретті орган оңтайлы шешім қабылдады және 2016 жылдың 29 желтоқсанында Келісімшартқа № 3 толықтыруға қол қойылды.

2016 жылдың желтоқсанында «Солтүстік Қансу учаскесіндегі R1 барлау ұңғымасын салуға арналған техникалық жоба» әзірлеу қызметін сатып алу жөнінде тендер жарияланды.

2017 жылы «Қансу» кен орнында ОВОС қоса алғанда жобалық тереңдігі 3800 м. R1 іздестіру ұңғымасын салуға арналған техникалық жоба» әзірленіп, мемлекеттік органдарда бекітілген.

2018 жылы қаржыландырудың болмағандығына байланысты, ГГР жұмыстары жүргізілмеді.

Инвесторлардың болмауын ескере отырып, ҚТГ Инвестициялық комитеті (бұдан әрі – ИК) отырысының 2018 жылғы 31 мамырдағы №21 хаттамамен «Қансу» инвестициялық жобасынан шығу туралы мәселені алдын ала мақұлдау туралы шешім қабылданды.

ҚМГ ИК 28.09.2018 жылғы отырысының №17-18 хаттамасымен, «Көмірсутек шикізатын барлау және өндіру, Өндіруші активтердің сервистік инфрақұрылымы» Дивизион жүргізген сараптаманың нәтижелері бойынша түпкілікті шешім қабылдау мақсатында ТДБ ҒЗИ пікірін ескере отырып 2018 жылғы 30 қазанға дейінгі мерзімде қорытындыны ҚМГ ИК қарауына жіберу тапсырылды.

ҚМГ ИК 07.02.2019 жылғы отырысының № 1-19 хаттамасымен «Қансу» инвестициялық жобасынан шығу туралы шешім қабылданды.


01.10.2019 жылы Қансу учаскесінде көмірсутек шикізатын барлауға 01.10.2013ж. №3949-КСШ жер қойнауын пайдалану келісімшартының қолданыс мерзімі өтті.


Қазіргі уақытта Қансу учаскесінде жер қойнауын пайдалану келісімшартын мемлекетке қайтару үшін жер қойнауын пайдалану салдарларын жою жұмыстары жүргізілуде.

ЭКСПОРТТИ ГАЗ ҚҰБЫРЛАРЫ ЖОБАЛАРЫ

Экспорттық әлеуетті кеңейту мақсатында, мынадай инвестициялық жобаларды іске асыру жұмыстары жүргізілуде:

 «Бейнеу-Бозой-Шымкент газ құбырын салу»;

 «БГА-ТБА» МГҚ мен «Қазақстан-Қытай» МГҚ арасында ТІР-02 жалғастырғышта сығымдау компрессорлық станциясын салу;

 «Бейнеу-Бозой-Шымкет» МГҚ төрт компрессорных станциясын салу.

«Бейнеу-Бозой-Шымкет» газ құбырын салу» жобасы

Жобаны іске асыру мерзімі – 2011-2021 жж.

Құны – ҚҚС-сыз 689 201 млн. теңге.

Жоба мақсаты – Қазақстан Республикасының оңтүстік өңірлерінің ғана қажеттілігін тұрақты қамтамасыз ету, газ импортына тәуелділікті азайту және Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Газ құбырының маршруты Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда және Түркістан облыстарының аумағы арқылы өтеді және мынадай негізгі техникалық сипаттамасы бар:

1 кезең – 2012-2019жж., өткізу қабілеті жылына 6 млрд. м3;

2 кезең – 2013-2019жж., өткізу қабілеті жылына 10 млрд. м3 дейін;

3 кезең – 2018-2020жж., өткізу қабілеті жылына 15 млрд. м3 дейін.

Ұзындығы 1 450 км (*бір желілі орындау*) болатын газ құбырының желілік бөлігі, «Бозой» вахталық кенті, «Бозой» газ өлшеу және компрессорлық станциясы,

«Ақбұлақ» газ өлшеу станциясы және «Қараөзек» компрессорлық станциясы пайдалануға енгізілді.

2019 жылы мынадай іс-шаралар орындалды:

- «ББШ МГҚ өткізу қабілетін жылына 15 млрд. м3 дейін ұлғайту» техникалық-экономикалық есепті және жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу аяқталды;

- «Шорнақ», «Қараөзек», «Ақсуат», «Сексеуіл» вахталық кенттері пайдалануға енгізілді;

- «Бейнеу» газ өлшеу станциясын салу аяқталды;

- Шорнақ», «Қараөзек», «Ақсуат», «Сексеуіл» жөндеу-пайдалану учаскелерін алдын ала қабылдау жүзеге асырылды;

«Бейнеу-Бозой» учаскесінде трасса бойындағы жолдарды салу, телекоммуникациялар мен СКАД жүйесін салу жұмыстары жалғасуда.

2020 жылы «Бозой», компрессорлық станциясын, «Ақбұлақ» газ өлшеу станциясын кеңейтуді аяқтау жоспарланып отыр, ол газ құбырының өткізу қабілетін жылына 15 млрд. м3 дейін ұлғайтады.

«БГА-ТБА МГҚ мен «Қазақстан-Қытай» МГҚ арасында ТІР-02 жалғастырғышта сығымдау компрессорлық станциясын салу» жобасы

Жобаны іске асыру мерзімі – 2015-2019жж. Жоба аяқталды.

Құны – ҚҚС-сыз 31 735 млн. теңге.

Сығымдау компрессорлық станциясы 2019 жылы пайдалануға енгізілді. Станцияны пайдалануға енгізумен батыс кен орындарынан табиғи газ көлемдерін Қазақстаннан тысқары жерге тасымалдаудың экономикалық тиімді мүмкіндігі туды. Экспортталатын газ үшін ресурстық база болып Теңіз, Қарашығанақ, Жаңажол және Қашаған табылады.

Жаңа станция жұмысы Қырғыз Республикасын айналып өтіп, Алматы және Алматы облысының тұтынушыларын іркіліссіз газбен жабдықтау үшін резервті маршрутты қамтамасыз етеді, ол бойынша газ құбырының учаскесі өтеді. СКС қуаты газды жылына орташа айдауға 4,7 млрд. м3 көлемінде есептелген. Цехтың қосалқы жабдығы, құбыр байламы мен инженерлік желілер қосымша газ айдау агрегатымен жарактау мүмкіндігін ескере отырып жасалған, ол газ айдау көлемін жылына алты млрд. м3 дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

«Бейнеу-Бозой-Шымкент МГҚ 4 (төрт) компрессорлық станция салу» жобасы




Жобаны іске асыру мерзімі – 2018-2020жж.

Құны – ҚҚС-сыз 177 997 млн. теңге.

Жоба «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының өткізу қабілетін жылына 10-нан 15 млрд. м3 дейін ұлғайту жөніндегі іс-шаралар аясында іске асырылады.

2019 жылғы ақпанда «Бозой-Шымкент» МГҚ учаскесінде «Арал», «Қоркыт-Ата» және «Түркістан» компрессорлық станциялары пайдалануға енгізілді. «Үстірт» КС-1А құрылысы аяқталды, пайдалануға енгізу жоспарланып отыр. «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ газ құбырының қуаты жылына 13 млрд. м3 дейін жеткізілген.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫН ГАЗДАНДЫРУ ЖОБАЛАРЫ

-  «Тараз» қ. газ тарату желілерін жаңғырту»;
-  «Маңғыстау облысының елді мекендеріндегі ГТС жаңғырту, қайта құру және жаңаларын салу»;
-  «Алматы қ. газдандыру, Алматы қ. газ тарату желілерін қайта құру».

«Тараз» қ. газ тарату желілерін жаңғырту» жобасы

Жобаны іске асыру мерзімі – 2011-2019жж. Жоба аяқталды.

Құны – ҚҚС-сыз 19 222 млн. теңге.

Жоба аз қабатты төменгі қысымды болат құбырларын орташа қысымды полиэтилен құбырларына ауыстыруды, ескі жерасты газ құбырларын ауыстыруды, аз қабатты үйлерде тікелей әрбір тұтынушыға арналған SMART-картасымен жеке шкафтық газ реттеу пункттерін орнатуды, болк типті газ реттеу пункттерін орнатуды көздейді.

Жобаны іске асыру аясында қаланың жеке меншік секторында ұзындығы 899 км газ құбырлары салынды. Жаға газбен жабдықтау жүйесіне жеке меншік секторының 34,6 мың абонент, коммуналдық пәтерлердің 50 мың абоненті қайта қосылды. Жеке меншік секторда орнатылған смарт-карталармен және газдың барынша нақты есебін жүргізуге мүмкіндік беретін термодорректормен бірге есептеуіштер енгізілген.

Жобаны іске асыру газбен жабдықтау жүйесінің өткізу қабілетін 1.5 есеге арттырап, тұтынушылардағы газдың жеткіліксіз қысымы жөніндегі проблема шешілді.

Ескі жерасты болат газ құбырын неғұрлым ұзақ мерзімді жерастында орындалған полиэтилен газ құбырына ауыстыру желілердің сенімділігі мен қауіпсіздігін ғана арттырып қоймай, сондай-ақ Тараз қ. бірегей сәулет-құрылыс әлпетін сақтауға мүмкіндік берді.

«Маңғыстау облысының елді мекендерінің газ тарату желілерін жаңғырту, реконструкциялау және жаңадан салу» жобасы

Жобаны іске асыру мерзімі– 2015-2019жж. Жоба аяқталды.

Құны – ҚҚС-сыз 24 462 млн. теңге.

Инвестициялық жобаға Маңғыстау облысының газдандыру объектілерін салу, жаңғырту және реконструкциялау жобаларын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді және өзара түсіністікынтымақтастығына қатысты Маңғыстау облысының әкімдігі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен «ҚазТрансГаз» АҚ арасында 05.02.2015ж. жасалған өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумның аясында 2015 жылы бастамашылық жасалды.

Жоба сенімділікке, қызметтердің сапасын жақсартуға, өнімділіктің жеткізіліксіздігіне және газ желілерінің қанағаттандырылғысыз техникалық жағдайларына байланысты, тұтынушылар үшін газ тапшылығын жою мақсатында, Маңғыстау облысының газ желілерін жаңғыртуға, реконструкциялауға, салуға бағытталды.

Жобаны іске асыру шеңберінде 1347 км болатын газ құбырлары (700 км жаңғыртылды, 647 км жаңасы) салынды, 6 автоматты газ тарату станциясы, 34 шкафтық газ реттеу пункті, 45 газ реттеу блок пункті орнатылды. 2,5 мың жаңа абонент өсімі қамтамасыз етілді.

Жоба шеңберінде Мұнайлы ауданының Батыр тұрғын сілемі газдандырылды, Жарма а. және Маңғыстау ауданының Басқұдық а. – елді мекендері ішінара газдандырылды, Бейнеу ауданының Бейнеу а. 18 көшесі, Бейнеу ауданының Боранкөл а. 2 аул, Атамекен және Басқұдық ауылдық округтері газдандырылды.

«Алматы қ. газдандыру, Алматы қ. газ тарату жүйелерін жаңғырту, қайта құру» жобасы

Жобаны іске асыру мерзімі – 2018-2021жж.

Құны – ҚҚС-сыз 11 192 млн. теңге.

Жобамен осы уақытқа дейін газбен жабдықтау жүйесіне қосылмаған, Алматы қ. жеке меншік үйлермен бірге тұрғын аудандарды/учаскелерді газдандыру, сондай-ақ Алматы қ. қолда бар газ тарату жүйелерін қайта құру көзделген.

Жоба қаладағы экологиялық жағдайды жақсартуға ықпал етеді, газбен жабдықтауға, газды 15,8 млн. м3 орташа жылдық тұтынумен шамамен 4,1 мың жаңа абонентті қосуға мүмкіндік береді.

01.01.2020ж. жағдай бойынша 265 км жаңа газ құбыры салынды, қолда бар 76 км газ құбыры қайта құрылды, 21 шкафтық газ реттеу пункті, 1 газ реттеу блокті пункт орнатылды.

Инновациялар

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның инновациялық дамуын іске асыру шеңберінде және бірыңғай корпоративтік және салалық ғылыми-техникалық, инновациялық саясатты қалыптастыруды және іске асыруды, ҚТГ компаниялар тобы бойынша қызметті ғылыми-техникалық қамтамасыз етуді жетілдіру мақсатында Ғылыми-техникалық кеңес (бұдан әрі - ҒТК) жұмыс істейді.

ҒТК негізгі міндеті инновациялық, ғылыми-техникалық сипаттағы ұсыныстарды, ҚТГ құрылымдық бөлімшелерінің өндірістік-техникалық даму бағдарламаларын қарау, сондай-ақ техникалық-экономикалық мәні бар маңызды әзірлемелер бойынша есептерін қарау, оларды одан әрі қолдану бойынша ұсыныстарды қарау болып табылады.

ҒТК-де инновациялық, ғылыми-техникалық сипаттағы ұсыныстар, ҚТГ құрылымдық бөлімшелерінің өндірістік-техникалық даму бағдарламалары, сондай-ақ ҚТГ компаниялар тобы үшін маңызды техникалық-экономикалық мәні бар ұсыныстар қаралады.

2019 жылы ҒТК-ның 4 (төрт) отырысы ұйымдастырылды, 6 мәселе қаралды:

1. «Интергаз Орталық Азия» АҚ-тың газ тасымалдау режимдерін бақылау, оңтайландыру және басқару үшін 8 (бірлік) газ өдшеу станциясын салу туралы ұсынысын қарастыру.

2. «QNP» ЖШС-ның МГҚ құбырышілік диагностикалық жүйені оңтайландыру мүмкіндігі туралы ұсынысын қарастыру.

3. «Борисфен» ЖАҚ-тың ескірген жетектерді қазіргі заманғы жетектерге ауыстыру жолымен газ айдайтын агрегаттарды жаңғырту мүмкіндігі туралы ұсынысын қарастыру.

4. «Амангелді Газ» ЖШС-ның Амангелді кен орнының КТГҚ шығатын жерінде Сығымдау компрессорлық станциясын салу туралы ұсынысын қарастыру.

5. «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС-ның «Claycrete Global» компаниясынан «Claycrete II» ионды стабилизаторын және күрделі жөндеу кезінде және кәсіпшілікшілік, оның ішінде «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының магистральдық газ құбырларының трасса бойындағы жолдарын, оның ішінде «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ мен «Азиялық Газ құбыры» МГҚ-ны жөндеу кезінде құрылыс (жол) материалдары ретінде CAN ROS компаниясынан «EarthZyme» және «DustStop» стабилизаторын пайдалану туралы ұсынысын қарастыру.


6. «Интергаз Орталық Азия» АҚ-тың Ақпараттық-талдау жүйесін жаңғырту ұсынысын қарастыру.

ГТК мүшелері отырысының қорытындылары бойынша ұсынылған тұсаукесер материалдары назарға алынды, сондай-ақ барынша тиімді технологияларды және іске асырылып жатқан және перспективті жобалардағы өнімді қолдану бойынша ҚТГ-ның ЕТҰ-на ұсынымдар берілген.

Жасалуына «ҚазТрансГаз» АҚ мүдделі мәмілелер

«Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдар арасында мәмілелер жасасу қағидаларына сәйкес, оларға қатысты мәмілелер жасасуда Қазақстан Республикасының Заңымен айырықша талаптар белгіленген, есепті кезеңнің ішінде «ҚазТрансГаз» АҚ Басқармасымен оларды жасасуда мүдделілік бар «ҚазТрансГаз» АҚ-тың мәмілелері бойынша 17 шешім қабылданды.

Активтер құрылымы



Негізгі даму бағыттары


Компанияның 2020 жылға арналған жоспары


«Қарағанды көмір бассейнінің көмір қабаттарынан метан өндіру» жобасын ҒЗТКЖ аясында геологиялық барлау жұмыстарын жалғастыру;


«Қансу» жобасынан шығу;


Барханная-Сұлтанқұдық учаскесінде жалпы көлемі 690 кв. км. жерде ЖТНӘ-3D сейсмикалық барлауды аяқтау, сейсмотүсіру материалдарын өңдеу және


интерпретациялау есебін жасау, Барханная құрылымында №Б-5 бағалау ұңғымасының орналасқан жерін нақтылау.


 12.12.2000ж. №611 келісімшартқа №16 Толықтыру Жұмыс бағдарламасын түзету;


 «Бейнеу-Шымкент» МГҚ өткізу қабілетін жылына 10 млрд-тан 15 млрд. м3 дейін ұлғайту бойынша жобаны іске асыруды (іске асыру 2019-2020 жылдар) жалғастыру;


 «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ «Ақбұлақ» ГӨС қайта құруды аяқтау;


 «Бозой» ЖГҚ қайта құру» жобасын іске асыруды аяқтау, газ іріктеу кезеңін 150 күнге дейін төмендете отырып сақтау қуатын 4 млрд. м3 дейін жеткізу.


 2 газ өлшеу станциясын салу, екеуінің де өнімділігі тәулігіне Q-20 млн. м3 және «БГА-ТБА» МГҚ және «Газли-Шымкент» МГҚ-да 2 вахталық кент салу. Жобаны іске асыру оны тазартып, оның физикалық-химиялық көрсеткіштерін анықтай отырып өзбек газы көлемдерін дұрыс өлшеуді қамтамасыз етеді.


 Өнімділігі жылына Q-1 млрд. м3 болатын «Кашаған» КС салу және «Макат-Северный Кавказ» МГҚ дейін «Кашаған» КТГҚ-дан газ құбырын салу. Жобаны іске асыру өңделген тауарлық газды газ өңдеу зауытынан кейін Қазақстан Республикасының газ тасымалдау жүйесі бойынша тасымалдау үшін қабылдауды қамтамасыз етеді.

 Алматы қ. жеке меншік үйлермен тұрғын аудандарды/учаскелерді газдандыру бойынша 288 км газ құбырын салуды аяқтауды және Алматы қ. бар тарату газ құбырларын жаңғыртуды жалғастыру.

 Нұр-Сұлтан қ., Қарағанды және Ақмола облыстары үшін тауарлық газды көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын бекіту жұмыстарын жүргізу;

 2020 жылғы 1 шілдеден бастап 2021 жылғы 30 маусым бойынша ішкі нарықта тауарлық газды көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын бекіту жұмыстарын жүргізу;

 2019 жылғы желтоқсанда «Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізуге байланысты заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді қайта бекіту.

 «ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 08 шілдедегі шешімімен (№33 хаттаманың 6-тармағы) 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімде «ҚазТрансГаз Бішкек» ЖШҚ тарату көзделген.

Цифрландыру

ҚМГ цифрлық трансформациялау бағдарламасы

ҚТГ-де бизнес-процестерді және өндірісті цифрландыруды автоматтандыру жұмыстары тұрақты әрі белсенді түрде жүргізілуде. Өндірістің тиімділігін арттыру және Компанияның тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін жаңа технологиялар мен қазіргі тәсілдер енгізуге назар аударылады.

2019 жылы, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бизнесін трансформациялау бағдарламасының жаңа тәсіліне сәйкес, ҚМГ-ның 2020-2024 жылдарға арналған цифрлы трансформациялау бағдарламасы портфелі қалыптастырылып, бекітілді. Осы портфельге «Газ құбырлары объектілері бойынша талдамалы геоақпараттық жүйені енгізу» жобасы кірді, ол іске асырылу кезеңінде. «Ақпарат жинау мен газды

есепке алу автоматтандырылған жүйені диспетчерлендіру кешенді жұмыстарын орындау» және «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-та КапСтрой ақпараттық жүйесін енгізу» жобалары, операциялық қызметке берілген болатын.

Сонымен қатар, бизнес-процестерді автоматтандыру аясында, ҚТГ компаниялар тобында ІС базасында бірыңғай ERP-жүйесін енгізу бойынша жоба туралы бастама көтерілді.

Цифрландырудың өсуі, ақпараттық технологияларды өте кең пайдалануға әкелетіні сөзсіз, осыған байланысты ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңыздылығы өсуде. Осылайша, осы міндетті шешу үшін, ҚТГ компаниялар тобында АҚ (SIEM) инциденттерді басқару жүйесі ұйымдастырылды, сондай-ақ АҚ саласында жетекші вендорлар бағдарламалық-аппараттық кешендері орнатылған.

Автоматтандыру және цифрландыру

ҚазТрансГаз бизнес-процестерді, жаңа технологиялар мен тәсілдерді автоматтандыру есебінен басқару сапасын жақсарту бойынша жұмыстар үздіксіз жүргізілуде. Автоматтандыру және цифрландыру жобалары Компания бизнесінің барлық сегменттерде тиімділікті арттыруға бағытталған.

ERP жүйесін енгізу жөніндегі жоба

Пайдалану шығындарын төмендету, тұрақтылықты ұлғайту, ИТ-инфрақұрылымы саласында шешімдерді тұрақты дамыту бойынша, бизнес-қосымшалар, арнайы технологиялық қосымшалар бойынша шығындарды азайту үшін, сондай-ақ ҚТГ-ның 2015-2019 жылдарға арналған ақпараттық технологияларын дамыту стратегиясының аясында 2019 жылы жобалық құжаттама дайындалды, сондай-ақ ҚТГ компаниялар тобының процестері мен бизнес-функцияларын қамтамасыз ететін автоматтандыру үшін кәсіпорын ресурстарын (ERP жүйесі) жоспарлаудың бірыңғай платформасының жоғары деңгейлі бизнес-процестері модельденген.

ERP жүйесін пайдаланған кездегі жоспарланатын пайда:

- ҚТГ компаниялар тобы қызметкерлерінің бірыңғай ақпараттық базаны пайдалануы;
- компаниялар тобы бойынша бір жүйе деңгейінде қаржылық процестерді орталықтандыру;
- интеграциялық процестерді жеңілдету;
- шоғырландырылған қаржылық есептілік процесін жеңілдету;
- "Бюджеттеу" бизнес-бағытын бастапқы автоматтандыруды жеңілдету;
- жүйелердегі пайдаланушылар жұмысын жеңілдету.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі жоба

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобында ақпараттық қауіпсіздікті ұйымдастыру үшін, 2019 жылы деректердің жылыстауын болдырмау және зиянды ақпараттық қамтамасыз етуден қорғау бойынша шешімдер енгізіліп, ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі ахуалдық орталық қызметтері сатып алынды.

АҚ Ахуалдық орталығы ҚТГ компаниялар тобы бойынша мынадай міндеттерді орындауды қамтамасыз етеді:

- заңнамалық нормаларға сәйкес ақпараттық қауіпсіздік саласындағы ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның сыни маңызды объектілеріне қойылатын талаптарға сәйкес келуі, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік қорғаныс құралдарының желілер мен түпкілікті нүктені сүйемелдеуі;
- басып кіруді, кейінгі реакциямен, хабарлаумен және АҚ инциденттерін өңдеумен АҚ қауіпін табу;
- АҚ инциденттеріне негізделген тәуекелдер саны мен деңгейін, экономикалық шығындарды төмендету;
- АҚ инциденттерін осалдығы мен қауіптерін талдау, нәтижелер бойынша кейінгі реакциямен сандық дәлел талдауы;
- Ақпараттық жүйелерден түсетін деректер жинау және мониторинг.

2019 жылы «Амангелді Газ» ЖШС «ІС: ТОЖР» ақпараттық жүйені енгізді. Бұл жүйе техникалық қызмет көрсету мен жөндеу (ТҚЖЖ) процесінің көрнекілігі мен анықтығын қамтамсыз етті, сондай-ақ иерархиялық тәртіпте жабдықтар бойынша деректердің сақталуын тәртіптеді және барлық мүдделі тұлғалар үшін процеске рұқсат берді. Бұдан әрі АЖ «ІС: ТҚЖЖ» «ІС: Бухгалтериямен» бірігуі жүрді, осы интеграцияның нәтижесінде жабдықтар бөлігінде шығындарды (ТМК) байластыра алдық.

Атмосфераға санкцияланбаған эмиссиялардың таралуының алдын алу, сондай-ақ тұтынушылардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында, ҚТГӨ метанның жылыстауын іздестіру бойынша «ПЕРГАМ» цифрлық детекторлармен жабдықталған Toyota Hilux автомобилі базасында автокешендер сатып алды (4 бірл.). Пайдалану кезеңінде, кешендермен тұрғын үй-жайлар мен әлеуметтік объектілерде 235 газ жылыстауы, барлығы 8 766 газ жылыстауы табылды.

Тәуекелдерді басқару

ҚТГ және оның еншілес ұйымдарының және тәуелді қоғамдарының қызметі өндірістік және өндірістік емес тәуекелдер әсеріне ұшырағыш келеді. Уақытылы сәйкестендіруге және Топтың стратегиялық және жедел мақсаттарына қол жеткізуге, Топтың құнына және беделіне әсер етуі мүмкін тәуекелдер деңгейін төмендету жөнінде шаралар қабылдауға бағатталған корпоративтік басқару жүйесінің негізгі компоненттерінің бірі ретінде тәуекелдерді басқарудың маңыздылығын ҚТГ ұғынады.

ҚТГ тәуекелдерін басқару мақсаты бизнестің стратегиялық және жедел тұрақты болу сенімділігін қамтамасыз ету болып табылады.

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының 2019 жылғы тәуекелдерін басқару бағдарламасы

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жүргізген тәуекелдерді басқарудың тік процесін енгізу аясында, ҚТГ компаниялар тобының тәуекелдерін сәйкестендіру, бағалау және мониторингін жүргізу тәуекелдерді басқарудың автоматтандыру жүйесінде (бұдан әрі – ТБАЖ) жүргізіледі (risk.kmg.kz).

ҚТГ мен оның ЕТҰ-да тәуекелдерді басқару жөніндегі құрылымдық бөлімше және/немесе жауапты тұлға Компанияның бірінші басшысына бағынысты болады.

2019 жылғы 2 тамыздан бастап 1 қазандағы кезде тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша ҚТГ мен оның ЕТҰ-ның барлық құрылымдық бөлімшелерінің негізгі қызметкерлерінен сұхбат алынды:

1) тәуекелдер сәйкестендірілді, олар ҚТГ компаниялар тобының мақсаттарына қол жеткізуіне әсер етуі мүмкін;

2) тәуекелдер іске асырылған жағдайда, шығынның әлеуетті мөлшері анықталады.

Компания қызметіне барынша әсер ететін төменде ҚТГ мен оның ЕТҰ-ның негізгі тәуекелдері келтірілген.

ҚТГ компаниялар тобында 67 түйінді тәуекел сәйкестендірілді оларға ҚТГ мен оның ЕТҰ-ның Бірыңғай тәуекелдер жіктеуішіне сәйкес ҚТГ-ның Түйінді тәуекелдер картасында көрініс тапқан, тәуекелдер иелері анықталды және тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді.

ҚТГ-ның меншікті ұтқыр қабілеті немесе жиынтығында оның қызметіне айтарлықтай әсер етпейтін тәуекелдер басталған кезде өз міндеттемелері бойынша 7 342 млн. теңге мөлшерінде жауап беруге қабілетті.

Банк-контрагенттердің өз міндеттемелерін орындамау тәуекелі

Қазақстан Республикасында банктер қызметтері нарығында пайда болған қиын-қыстау жағдайға байланысты, қаржы институттары өз міндеттемелерін орындамауы мүмкін, ол орналастырылған ақша қаражатын қайтаруды жүзеге асыру бойынша қаржы институтты мүмкіндігінің уақытша немесе толықтай жоқ болуына әкелуі мүмкін.

Қаржылық және/немесе қаржылық емес ковенанттардың орындалмау тәуекелі.

ҚТГ оның ЕТҰ қарыз алған кезде қарыз алушы және/немесе кепілгер болып табылуына байланысты, ҚТГ-ге қарыз шарттарымен айқындалған қаржылық және/немесе қаржылық емес ковенанттарды сақтау қажет.

Газ сатып алу-сату (экспорт) аясында газ жеткізу бөлігінде міндеттемелердің орындалмау тәуекелі

Тәуекелдердің туындауы бірнеше факторларға негізделген:

1. ішкі нарықта тұтынуды ұлғайту;
2. сатып алушы тарапынан міндеттемелердің орындалмауы;
3. жеткізуші тарапынан міндеттемелердің орындалмауы.

Кәсіпкерлік қызметті жүргізуге қойылатын талаптарды заңнамалық өзгерту.

Аталған тәуекелді іске асыруға мынадай факторлар әсер етеді:

1. ҚТГӨ-ның кәсіпкерлік (өндірістік-коммерциялық) қызметін жүзеге асырудағы шектеулер;
2. Бизнесте 50% астам қатысу үлесін басқа ұйымға беру;
3. Холдингішілік кооперацияның болмауы;
4. Негізгі әріптеске тәуелділікке байланысты белгісіздіктер - ҚТГ компаниялар тобының және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ-тың (Қор) нарықтық қатынастарға көшу, жалпы негіздемелерде ҚТГ-ның компаниялар тобы және Қор өткізетін автокөлік пен арнайы техниканы жалға алу қызметтеріне арналған тендерлерге қатысу.

Негізгі әріптеске («Газпром» ЖАҚ) тәуелділікке байланысты белгісіздік

Осы тәуекелді іске асыру мынадай факторларға негізделген:

1. «Газпром» ЖАҚ-тың ортаазия газын сатып алудан бас тартуы;
2. Еуропаға, оның ішінде Украинаға «Газпром» ЖАҚ-тың газды экспорттық жеткізуінің қысқаруы;
3. Ресейдегі экономикалық ахуал, Ресейде ішкі газ тұтыну көлемдерінің төмендеуі;
4. «Газпром» ЖАҚ пен газ жеткізушілер тарапынан шарттық міндеттемелердің орындалмауы;
5. Келісімшарттық міндеттемелерді орындау үшін газ жеткізуші елдердің ресурстық базасының бар болуы;
6. Дүниежүзілік экономиканың жай-күйі;
7. Климаттық талаптар;
8. Газ жеткізушілер/тұтынушылардағы саяси және экономикалық жағдай;
9. «Газпром» ЖАҚ-тың газ тұтынушылармен жасаған саясаты;
10. Газ транзиті тарифтерін көтеру мәселесіндегі «Газпром» ЖАҚ-тың келеңсіз ұстанымы;
11. Ресей газын өндіру көлемдерін арттыру.

Теңгенің АҚШ долларына қатысты ауытқуы

Теңгеге, қатысты АҚШ долларының өзгеруіне, пайыздық мөлшерлемеге, ағымдағы сауда балансы жағдайына, инфляция деңгейіне, экономикалық және саяси шарттарға байланысты валюталық шығын ықтималы бар.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін жүйелендіру мен біріздендіру мақсатында, ҚТГ-де тәуекелдер тізілімі әзірленіп, негізгі тәуекелдер Тәуекелдер картасына түсірілді:

Тиісті тәуекелдер-факторларының деңгейі

Әсер	5			6	
	4				
	3				
	2	2	1		
	1		5	4,8,9,10,11	3,7
	1	2	3	4	5
	Ықтималдық				

№	Тәуекел-факторының атауы	Шығын, мың теңге
		Тисілі
1	278. Котрагент-банктердің өз міндеттемелерін орындамауы	10 000 000 жиілік 0,5
2	312. Стратегиялық серіктес елдердегі саяси режимдерді өзгерту	11 764 000 жиілік 0,25
3	248. Салықтық заңнама талаптарын сақтамау	5 000 жиілік 2
4	242. Компанияның қолданылатын құқық талаптарын сақтамауы (МжҚД)	214 жиілік 1
5	242. Компанияның қолданылатын құқық талаптарын сақтамауы (АБД)	252 жиілік 0,5
6	225. Қаржылық/ қаржылық емес ковенанттарды орындамау	332 500 000 жиілік 0,5
7	262. Қолданыстағы бағдарламалық қамтамасыз етудің істен шығуы (жоғалту)	500 жиілік 2
8	263. Қолданыстағы серверлік жабдықтың істен шығуы	1 500 жиілік 1
9		45 000 жиілік 1
10	261. Ақпараттық жүйеге санкциясыз ену	6 000 жиілік 1
11	265. Лицензиясы жоқ ДК пайдалану	55 265 жиілік 1

«ҚазТрансГаз» АҚ тәуекел-мәдениеттерін жетілдіру

1. ҚТГ-да «Самұрық-Қазына» АҚ тәуекелдерін басқару жөніндегі референстік модельді жетілдіру шеңберінде:

2019 жылғы 11 желтоқсанда «ҚазТрансГаз» АҚ іркіліссіз қызметін басқару саясаты және Ішкі бақылау жүйесінің саясаты бекітілді;

2019 жылғы 26 желтоқсанда Іркіліссіз қызметін басқару процесін ұйымдастыру қағидалары және Ішкі бақылау жүйесінің қағидалары бекітілді;

2. Тәуекелдер жөніндегі комитеттің жұмысы күшейтілді, ҚТГ мен оның ЕТҰ мақсаттарына қол жеткізуге теріс әсер етуі мүмкін барлық орын алған оқиғалар ҚТГ мен ЕТҰ Тәуекелдер жөніндегі комитеттерінің отырыстарында алқалы қарастырылады.

3. ҚТГ компаниялар тобы тәуекелдерін сақтандырып қорғауды ұйымдастыру бойынша жұмыс жүргізілді. Тәуекелдерді сақтандыру жөнінде оқыту тренингтері ұйымдастырылды.

4. Қаржылық тәуекелдер жөніндегі есептілік пакеті қалыптастырылды – мыналар бойынша тоқсан сайынғы мониторинг жүргізіледі:

- елдер тәуекелдері бойынша лимиттерді сақтау;
- контрагент-банктерге міндеттемелер бойынша лимиттер;
- валюталық тәуекелдер;
- валюталар бөлінісіндегі пайыздық алшақтықтар.

Интеграцияланған менеджмент жүйесі

«ҚазТрансГаз» АҚ және оның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарының басшылары стратегиялық құжаттарды басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы үшін стратегиялық пайданы қамтамасыз етуге және экономика мен әлеуметтік бастамаларды қолдауға бағытталған стратегиялық басымдықтарды айқындады.

ҚТГ компаниялар тобы басқаруды, кәсіпорынның табысын ұлғайту, персоналдың материалдық әл-ауқатын арттыру, серіктестер мен жеткізушілердің іскерлік мүмкіндіктерінің қсуіне жәрдемдесу арқылы, қызметтің сапалы деңгейі талаптарға және барлық мүдделі тараптардың күткен нәтижелеріне сәйкес келетіндей түрде ұйымдастыруға ұмтылады. Бұл ретте ҚТГ компаниялар тобы персонал еңбек жағдайының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, қоршаған ортаға теріс әсер етуді болдырмауға тырысады.

ҚТГ компаниялар тобы қызметінің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады: сапаны арттыру; қоршаған ортаға теріс әсер етуді болдырмау; кәсіби тәуекелдерді төмендетуді қамтамасыз ету.



ҚТГ компаниялар тобы өз қызметінде PDCA әдіснамасын пайдаланады. Осы әдіснама процесті басқару және оның мақсаттарына қол жеткізу бойынша жетекшінің әрекет етуінің қарапайым алгоритмін білдіреді. Басқару циклі жоспарлаудан басталады.

ҚТГ компаниялар тобы




Жобалау (моделдеу)
Орындау
Бақылау және Мониторинг
Процесті жақсарту

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы бойынша 2019 жылы менеджмент жүйесі саласында іске асырылған іс-шаралар жөніндегі ақпарат

Өткізілген іс-шаралар	Сертификаттар
«ҚазТрансГаз» АҚ	
<ul style="list-style-type: none"> ■ Ішкі құжаттар өзектендірілді. ■ 2019 жылға арналған бағдарламаға сәйкес ҚТГ компаниялар тобында ИМЖ саласындағы ішкі аудиттер рәсімі жүргізілді. ■ Менеджмент жүйесі үшін жауапты қызметкерлерді оқыту жүргізілді. ■ «Танылған жетілдіру» 5 жұлдыз деңгейінде Еуропалық жетілдіру моделін сырттай бағалау (ассесмент) өтті ■ ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, OHSAS 18001:2011 стандарттарының талаптарына сәйкес ИМЖ 2-ші байқау аудиті өтті. 	
«Интергаз Орталық Азия» АҚ	
<ul style="list-style-type: none"> ■ Қоғамның ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, OHSAS 18001:2011, ISO 27001, ҚР СТ 5001 стандарттарына сәйкес ішкі нормативтік құжаттарды өзектендіру жүргізілді. ■ ОА және Қоғамның филиалдарында ИМЖ ішкі аудиті жүргізілді. ■ ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, OHSAS 18001:2011, ISO 27001, ҚР СТ 5001 стандарттарының талаптарына сәйкес ИМЖ байқаушылық аудит өтті. ■ ISO 14001:2015 талаптарына сәйкес маңызды экологиялық аспектілер тізбесі қайта қаралды. 	
«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ	

- Өндірістік филиалдарда ИМЖ ішкі аудиті жүргізілді.
- MC ISO 9001:2015, MC ISO 14001:2015, MC OHSAS 18001:2007, MC ISO 50001:2011 сәйкес ИМЖ жетілдіру бойынша, «Quality Innovation – 2019» халықаралық жобасының талаптарына сәйкес инновациялық менеджмент жүйесін әзірлеу және енгізу және оны қолданыстағы ИМЖ-ға интеграциялау бойынша консультациялық-әдістемелік қызметтер жүргізілді.
- Қоғамның қызметкерлері оқыту семинарларына қатысты (ISO 45001:2011, тәуекелдерді басқару, инновациялық менеджмент жүйесі, басқа да мәселелер бойынша)
- Қоғам «Quality Innovation-2019» халықаралық конкурсының ұйымдастыру комитетіне мынадай инновациялар бойынша өтінімдер бере отырып, «Quality Innovation-2019» халықаралық конкурсына қатысты: ТГАЖ – «Inspire analytical GIS» Талдамалық геологиялық ақпараттық жүйе, ГЕӨАЖ (Өндіріс АЖ) – Газды есепке алу және өткізудің ақпараттық жүйесі. Конкурс қорытындылары бойынша екі жоба да ұлттық іріктеу турының финалистері дипломымен белгіленді.
- Қызметті жетілдіруде жеткен жетістіктері және сапа идеяларын дамытуда қосқан елеулі үлесі үшін Дүниежүзілік сапа күні мерекесі қарсаңында Қоғамның Жамбыл ӨФ «Сапа көшбасшысы – 2019» комбинациясында Дипломмен және Алтын жұлдызбен марапатталды *(Диплом ұйымдастырушысы және құрылтайшысы «Сараптама және сертификация ұлттық орталығы» АҚ болып табылады)*
- ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, OHSAS 18001:2008, ISO 500001:2011 сәйкестігіне ратификациондық аудит өтті.



«Амангелді Газ» ЖШС

- ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, OHSAS 18001:2011 стандарттар талаптарына сәйкес ИМЖ қайта сертификаттау аудиті өтті.
- «Танылған жетілдіру» 5 жұлдыз деңгейінде еуропалық жетілдіру моделін (ассесмент) сырттай бағалау өтті.
- Серіктестік ішкі нормативтік құжаттарын өзектендіру жүргізілді
- Менеджмент жүйесі үшін жауапты қызметкерлерді оқыту жүргізілді.



«Бейнеу-Шымкент Газ құбыры» ЖШС

- Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарын өзектендіру жүргізілді.
- ЕҚҚЖҚҰ саласында менеджмент жүйесіне жауапты қызметкерлерді оқыту жүргізілді.
- Экология, күзет және еңбек саласындағы НҚА және НТҚ қолданылатын талаптарын сәйкестікке жоспарлы бағалау жүргізілді.
- ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, OHSAS 18001:2007 стандарттарының жаңа талаптарына сәйкес ИМЖ ішкі аудиті жүргізілді.
- ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, OHSAS 18001:2007 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес ИМЖ екінші байқаушылық аудиті өтті.
- «Garline» Қатысушысы тарапынан ИМЖ ішкі аудиті өтті. Түзетуші әрекеттердің және тәуекелдерге ден қою бойынша әрекеттерді бағалау жүргізілді.



«Азиялық газ құбыры» ЖШС

- Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарын өзектендіру жүргізілді.
- Менеджмент жүйесіне жауапты қызметкерлерді оқыту жүргізілді

(2019 жылы Серіктестіктің 4 қызметкері оқытылды және сертификатталды.).

ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, OHSAS 18001:2007, ISO 50001: 2015 стандарттардың жаңа талаптарына сәйкес ИМЖ ішкі аудиті жүргізілді.

«ҚазТрансГаз»АҚ, «Газline» компанияларымен ұйымдастырылған ИМЖ ішкі аудиті өтті.

ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, OHSAS 18001:2007, ISO 50001: 2015 халықаралық стандарттардың жаңа талаптарына сәйкес ИМЖ сертификатталған аудиті өтті. (2-ші инспекциялық аудит өткізілді)



«ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС

Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарын өзектендіру жүргізілді.

ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, OHSAS 18001:2011 стандарттарының талаптарына сәйкес ИМЖ 2-ші байқаушылық аудит өтті.

«Танылған жетілдіру» 5 жұлдыз деңгейінде Жетілдірудің еуропалық моделі сырттай бағалау өтті (ассесмент).

Парник газдардың атмосфераға рұқсатсыз эмиссиясыг болдырмау мақсатында метанның шығуын іздеу бойынша «Пергам» автокешені сатып алынды, пайдаланған кезеңнен бері за период эксплуатации выявлено 8 766 газ шығуы, оның ішінде 2019 жылы 235 газдың шығу анықталды.

Түзетуші әрекеттердің және тәуекелге ден қою әрекеттерінің нәтижелілігін бағалау жүргізілді.

ҚР ИИДМ ТРЖМК-ге 2019-2021жж. арналған мемлекеттік стандарттау жоспарына қосу үшін СТГ мен КТГ моторлық отын ретінде пайдалану саласындағы 57 ұлттық стандарттарды әзірлеуге өтінім берілді. Оның 16-сы жария талқылаудан өтті. Осы жұмыстың нәтижесінде ЕАЭО 046/2018 ТР іске асыру кезінде тиісті дәлелдемелер



базасы ретінде көлік құралдары үшін СТГ мен КТГ пайдалану саласында НТҚ тізбесін жасау бойынша ЕАЭО ЕЭК-ге келісілген ресейлік және қазақстандық ұсыныстар негізіне салу жоспарланды.

«ҚазРосГаз» ЖШС

- ISO9001:2015 ХС талаптарына сәйкес СМЖ ішкі аудиті жүргізілді.
- Тәуекелдерді басқару жүйесінің және ISO9001:2015 ХС талаптарын есепке алумен ішкі нормативтік құжаттар қайта қаралды және өзектендірілді.
- МС ISO 9001:2015 ХС талаптарына сәйкес СМЖ қайт сертификаттау аудиті өтті.



Қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

Энергетикалық ресурстарды энергияны үнемдеуді пайдалану

«ҚазТрансГаз» АҚ энергияны үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру саясатын жүргізеді. ҚТГ компаниялар тобының газды тасымалдау, тарату, өндіру, және жер асты сақтау бойынша ЕТҰ-ның энергияны үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру саласындағы қызметінің бағыттары ЕТҰ-ның энергияны үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру туралы іс-шараларында айқындалған.

Энергияны үнемдеу бойынша негізгі іс-шаралар мыналар болып табылады:

1. «ИОА» АҚ «Тараз» МГҚБ электрлі жиілікті газ айдаушы жұмыстарының режимдерін оңтайландыру;
2. ЕТҰ турбокомпрессорлық цехтарында АВО-газ электр қозғалтқыштарын, қуатты трансформаторларды (резервтік) ажыратумен электр жабдығы жүйелерін оңтайландыру;
3. ЕТҰ әкімшілік және өндірістік үй-жайларында түнгі уақытта, демалыс және мереке күндерінде қазандық агрегаттарының жұмыстары режимдерін реттеу;
4. «ИОА» АҚ «Ақтау» МГҚБ «Бейнеу» КС Өнеркәсібінде реактивтік қуаттың автоматтандырылған өтемі;
5. ЕТҰ-да жарықтандыру шамдарын жарық диодтыққа ауыстыру («ИОА» АҚ, «АГҚ» ЖШС, «Амангелді Газ» ЖШС және «ҚТГ Аймақ» ЖШС);
6. 2 жеке қазандықты реконструкциялаған кезде Wilo энергиялық тиімді желілік сораптарды қуаты аз электр қозғалтқыштарымен қолдану: «Тараз» МГҚБ «Ақыртөбе» ЖАГСҚ және «ИОА» АҚ «Атырау» МГҚБ «Тайман» КС;

7. «Тараз» МГҚБ «Ақыртөбе» ЖАГСК-да және «ИОА» АҚ «Атырау» МГҚБ «Редуг» КС-да қазандықтарды энергиялық тиімді су ысытатын қазандықтарға ауыстырумен реконструкциялау;

8. «ИОА» АҚ «Орал» МГҚ «Чижа» ЕС-ға ГТК-10И типті газ айдаушы агрегатты жөндеу жүргізілді;

9. «ИОА» АҚ газ тунбиналы жетегі бар КС компрессорлық станцияларын іске қосу оңтайландырылды;

10. «ИОА» АҚ магистральдық газ құбырының желілік бөлігінде 107 бірлік санда ескірген электрлі химиялық қорғау катодтық станциялары ауыстырылды;

11. «ИОА» АҚ «Ақтау» МГҚБ «Бейнеу» КС-ға №7, №9, №10 ГАА ГТҚ өстік компрессорын тазарту жүйесі енгізілді.

Энергия тиімділігі көрсеткіштерін жақсарту газ тасымалдаудың оңтайлы режимдерін қолданумен және энергияны үнемдеу бойынша іс-шараларды жүргізумен шарттастылған.

2019 жыл үшін ҚТГ компаниялар тобы бойынша отын-энергетикалық ресурстарды (ОЭР) тұтыну көлемі мыналарды құрады: 1815052,52 тонна үлестік отын (1528877,45 мың. м³, 92,46 млн. кВт*с, ЖЖМ 6660,33 т.ү.о.) 2018 жылғы 1757866,2 тонна үлестік отынмен (т.ү.о) салыстырғанда (1474157,4 мың. м³, 119,7 млн. кВтс, ЖЖМ 19306,4 т.м.т.) 3,25%-ға ұлғайды.

Бұл ретте, 2019 жылы табиғи газды тұтыну көлемдерінің ұлғаюы «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ «Қазақстан-Қытай» МГҚ бойынша газ көлемдерінің өсуімен байланысты. ЖЖМ шығыстарын үнемдеу компромирленген табиғи газды (КТГ) және сұйытылған көмірсутегі газын (СКГ) пайдаланумен байланысты, электр энергиясының шығыстарын үнемдеу қуаты 4,0 МВт бірыңғай қуаттың газ айдаушы агрегаттарының жұмыс режимімен байланысты.

2019 жыл үшін дерекөздер бойынша бөліністе үдетілетін (өндірілетін) жаңартылатын энергияның жалпы көлемі 2019 жылы мыналарды құрады:

1. Жылу сорабымен геотермалдық (жылу) энергия өндіру – 678,53 Гкал.

2. Күн панельдерімен электр энергиясын өндіру – 103572 кВт*сағ.

3. Термоэнергиялық генераторлармен электр энергиясын өндіру (ТЭГ - Ренкин циклі) – 240900 кВт*сағ.

Жалпы тауарлық өнімдер өндірісінің үлестік энергетикалық шығындары, энергияны үнемдеу көрсеткіші 2019 жылы 0,0140 т.ү.о. /мың теңгені құрады, 2018 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 2018 жылы (0,0203 т.ү.о./мың теңге) 69 %-ға төмендеген.

Энергия шығындарының үлестік деңгейінің төмендеуі «Қазақстан-Қытай» МГҚ, «Бейнеу-Бозой-Шымкент» МГҚ және «БГА-ТБА» МГҚ магистральдық газ құбырларының компрессорлық станцияларының жұмыс режимдерін оңтайландырумен байланысты («ИОА» АҚ «Самсоновка» КС және «Тараз» КС жұмыс істейтін электрлі жетекті ГАА саны төмендеді).

ҚТГ компаниялар тобы бойынша 2015-2020 жж. Энергия үнемдеу әлеуеті 57588,12 т.ү.о. құрады.

ҚТГ компаниялар тобы бойынша отын-энергетикалық ресурстарды (ОЭР) үнемдеу мыналарды құрады:

2016ж. – 9363,94 т.ү.о. (4993 мың кВт*сағ., 7478,346 мың м³);

2017ж. – 9305,46 т.ү.о. (3393,2 мың кВт*сағ., 6500,5 мың м³);

2018ж. – 12552,32 т.ү.о. (4946 мың кВт*с, 9620,8 мың м³);

2019ж. – 10538,27 т.ү.о. (4752 мың кВт*с, 8507,5 мың м3).

Негізгі энергия үнемдеуші іс-шаралар табиғи газды, электр энергиясын тұтынуды төмендетуге бағытталған.

Ел Президенті бастама жасаған «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын қолдау шеңберінде «Интергаз Орталық Азия» АҚ апробациялау және кейіннен ҚТГ компаниялар тобының жаңа және ағымдағы жобаларындағы енгізу мақсатында «Ақшабұлақ-Қызылорда» МГҚ-ға катодтық қорғаумен «Аналитик» модульдік станцияларымен тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақ жүргізілді.

Алдыңғы жылдары ЕТҰ-да енгізілген ЖЭК тиімді жұмыс істейді: DLE шығарындыларының төменгі деңгейімен жану жүйесімен газ айдаушы агрегаттар (ГАА); реактивті қуатты өтеуге арналған өтеуші құрылғылар (электр желілерінің реактивті параметрлері); «Waterkotte» типті геотермалды жылу сораптары; монокристалды күн панельдері (батареялары); термоэлектрогенераторлар (Closed cycle vapor turbogenerator) және автономды режимде жұмыс істейтін блокты жиынтықты электростанциялар (Capstone); энергия ресурстарын есепке алудың кешенді автоматтандырылған жүйесі (ЭЕКАЖ), энергияны үнемдейтін жарық беретін жарық көздерін қолдану.

«Toyota Hilux» төбелік және бамперлік типтегі автомобиль базасында «ДЛС-Пергам» газдың шығуын табатын мобильдік кешен» сатып алынды және енгізілді. «ДЛС-Пергам» метанның қашықтықтан дабыл берушісі қашықтықтан әдісімен, сынамалар алусыз, қосымша зондтарсыз және өлшеу кюветтерінен периметрі 60 метр табиғи газдың шығып тұрған жерін анықтауға арналған «ДЛС-Пергам» жұмыс істеген уақытта 6182 газдың шығуы анықталды (23.12.2019 ж. жай-күй бойынша).

Энергия ресурстарының құнын болжамды ұлғайтуды (табиғи газ, электр энергиясы, ЖЖМ), сондай-ақ оларды тұтынудың өсуін есепке ала отырып «ҚазТрансГаз» АҚ барлық ЕТҰ үшін жалпы міндеттер ОЭР-ға шығындарды энергияны үнемдеу және энергиялық тиімділікті арттыру бойынша экономикалық ақталған іс-шараларды іске асыру есебінен төмендету болып табылады.

Жаңартылатын энергия көздерін (ЖЭК) пайдалану саласындағы нормативтік және нормативтік-құқықтық құжаттаманы әзірлеу және жетілдіру қолдау инвесторларға салынған инвестицияларын қайтаруға және тиісінше, Қазақстан Республикасының аумағында ЖЭК пайдалану саласындағы жобаларды іске асыру және дамыту үшін әлеуетті инвесторларды тартуға мүмкіндік беретін механизмін құруы тиіс.

Қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

ҚТГ компаниялар тобы өндірістік объектілерінде еңбекті қорғауды қамтамасыз ету, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау бойынша жұмыс қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамалық, нормативтік-құқықтық және нормативтік-техникалық актілеріне және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ішкі нормативтік актілеріне, бекітілген 2019 жылғы ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша жұмыстар жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласында ҚТГ компаниялар тобында қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөнінде кеңейтілген мәжіліс өткізілді. ЕТҚ еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау департаменттері/қызметтері басшыларының еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыс туралы есептері тыңдалды. Есептер оң қабылданды, бұл

ретте хаттамалық шешіммен жоғарыда көрсетілген жұмыстарды жақсарту үшін одан әрі міндеттер белгіленді.

ҚТГ компаниялар бойынша «Алтын қағидалар» қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында Қызметкерлер кодексі орындалады.

Еңбекті қорғау

Еңбекті қорғау және қоршаған орта жөнінде 100% есептіліктің ашықтығына қол жеткізілді, олар «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ҚТГ компаниялар тобы өндірістік объектілерін барып (іріктеп) тексеру нәтижелері бойынша қорытындыларымен расталады. ҚТГ компаниялар тобы бойынша есептіліктің ашықтығын қамтамасыз ету ДЕКАЖ бағдарламасында оқиғалардың барлық түрлері бойынша расталған есептерді уақтылы енгізу жолымен жүзеге асырылады.

Еңбекті қорғау саласындағы заңнама талаптарына сәйкес көп деңгейлі бақылау, оқыту және білімдерін тексеру, еңбек талаптары бойынша объектілерді аттестаттау, еңбектің санитарлық-гигиеналық талаптарын жасау, арнайы киіммен қамтамасыз ету, жазатайым жағдайлардан сақтандыру, медициналық және заттай куәландыру бойынша шаралар жүргізілді.

Есептік кезеңде ҚТГ компаниялар тобы бойынша өндірістік қызметпен байланысты 2 (екі) жазатайым жағдай болды:

- 26 ақпанда – ҚТГӨ «Орал» ӨФ қызметкері орналасу жеріне қоғамдық көлікпен бара жатып іссапарға ЖКО тап болды, жарақат алды (жеңіл дәрежеде);
- 04 наурызда – работник УМГ ИОА «Қостанай» МГҚ қызметкері ЖКО салдарынан жарақат алды (ауыр дәрежеде) (үшінші тұлғаның жол қозғалысы ережесін бұзуы).

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 20-тарауына (186-189-баптары) сәйкес Актілерді ресімдеумен және жазатайым оқиғаларға жол бермеу бойынша іс-шараларды әзірлеумен тексеру жүргізілді. Барлық іс-шаралар орындалды.

Есептік кезеңде өндірістік қызметпен байланысты өлім жағдайлары жоқ!

2019 жылы жол-көлік оқиғаларының 8 жағдайы, оның ішінде «ірі» – 2 (екі) оқиға болды:

- 06 ақпанда – ҚТГӨ «Орал» ӨФ УАЗ 390902 автокөлігінің жүргізушісі қолайсыз климаттық жағдай нәтижесінде (тайғанақ) басқаруға ие бола алмай, нәтижесінде жолдан шығып кетті. Зардап шеккендер жоқ;
- 04 наурызда – ҚТГӨ «Қостанай» ӨФ ГАЗ-3381 атомобиль жүргізушісі үшінші тұлғаның жол қозғалысы ережесін бұзуы нәтижесінде кюветке түсіп кетті. ИОА «Қостанай» МГҚБ қызметкері (жөлаушы) жарақат алды.

ЖКО көпшілігі елді мекендерде, қарқынды қозғалыс жағдайларында, сондай-ақ үшінші тұлғаларының кінәсінен болғандығын ескеру қажет.

2018 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда ЖКО саны **43%** төмендеген.

Өрт қауіпсіздігі

ҚТГ компаниялар тобының объектілерінде есептік кезеңде мынадай өртке қарсы іс-шаралар жүргізілді: өрттен қорғайтын өңдеу, жөндеу, өрт сөндіргіштерді куәліктендіру және қайта зарядтау, өртке қарсы шараларға персоналды оқыту және нұсқаулық беру, автоматты өрт сөндіру және дабыл беру жүйелерін монтаждау, өртке қарсы автоматика, монтаж жүйелеріне техникалық қызмет көрсету және өртке қарсы сумен жабдықтауды жөндеу.

Объектілерді өрттен қорғауға шарттар жасалды.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік

ҚТГ компаниялар тобы бойынша есептік кезеңде мынадай іс-шаралар жүргізілді: құбырларды диагностикалау, құбырлардың ақаулы учаскелерін ауыстыру, крандарды ауыстыру, құбырларды оқшаулауды ауыстыру, персоналды оқыту және білімін тексеру, өндірістік объектілерді декларациялау, өндірістік бақылау.

Фонтанға қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, объектілерді құқыққа қарсы әрекеттерден қорғауға шарттар жасалды.

Қоршаған ортаны қорғау

2019 жылы қоршаған ортаға жүргізілген мониторинг нәтижесінде қоршаған ортаға эмиссияға берілетін рұқсаттарды асыру байқалмады. Табиғатты қорғау іс-шараларының стратегиялық жоспарлары ауа бассейнін қорғауды, су және жер ресурстарын, флора мен фаунаны үнемді пайдалануды, өндіріс пен тұтыну қалдықтарын дұрыс қарауды, басқару жүйелерін және анағұрлым қол жетімді технологияларды енгізуді, ғылыми-зерттеу және жобалық-зерттеу жұмыстарын, радиациялық, биологиялық және химиялық қауіпсіздікті, сондай-ақ экологиялық насихаттау мен жариялауды көздейтін тоғыз негізгі бөлімді қамтиды.

Мысалы, компания жүргізген газ тарату жүйелерін жаңғырту ластайтын заттардың және парниктік газдардың шығарындыларын елеулі төмендетуге әкеледі. Атмосфералық ауа және ағынды суларды үздіксіз мониторингтеу қоршаған ортаның жай-күйін бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Парниктік газдардың шығарындыларының көздерін жыл сайынғы түгендеу және уәкілетті органға мемлекеттік кадастрда одан әрі тіркеу үшін парниктік газдардың паспорттарын ұсыну бойынша жұмыс жалғастырылуда.

2019 жылы өндірістік қызметтен ластайтын заттардың шығындыларының көлемі 147 мың тоннаны құрады.

2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда атмосфераға ластайтын заттарды шығарындыларының ұлғаюы байқалды, бұл түркімен газын тасымалдауды жаңартумен (ОАО МГҚ), негізгі көздер – газ айдаушы агрегаттардың (ГАА) жұмысында табиғи газды жағумен, сондай-ақ магистральдық газ құбырының желілік бөлігінде жоспарлы-авриялық-қалпына келтіру жұмыстарының үлкен көлемін жүргізумен байанысты.

ҚТГ компаниялар тобы бойынша есептік кезеңде қоршаған ортаны қорғау бойынша айыппұлдар жоқ.

2019 жылғы 13 желтоқсанда Нұр-Сұлтанда «Парыз» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі конкурс жеңімпаздарын марапаттау рәсімі болды. «Экологияға қосқан үлесі үшін» номинациясымен «Амангелді Газ» ЖШС лайықты 2-орын алды.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ұсынысымен «KazEnergy», ҚТГ қоршаған ортаны қорғау саласына қатысты бірқатар Қазақстан Республикасының заңнамалық және заңға тәуелді актілері қаралды.

Әлеуметтік жауапкершілік




Кадрлық саясат

ҚТГ, бизнестің әлеуметті жауапкершілігін түсіне отырып, әлеуметтік өрлеуге және қоғамның әл-ауқатының өсуіне өңірлер халқының тұрақты дамуына және әл-ауқатына жәрдемдесуге, өз қызметкерлерінің әл-ауқат деңгейінің артуына барлық күш-жігерін салады. ҚТГ саясатының негізі – әрбір қызметкерге қамқор болу, әлеуметтік мәселелерді шешуге басымдық беру.


Бүгінгі күнгі өзгерістер уақытында сыртқы ортаның жағдайларына ұйымдастыруды сәйкестендіруді қамтамасыз ететін инновацияларды уақтылы енгізу қажеттілігі бар. Бұл ретте кадрлық саясат, қызметкердің мүлтіксіз және тұрақты болуы тиіс негізгі мүдделерін (мысалы, еңбекпен қамту саясаты, еңбекке ақы төлеу) қозғайтын кадрлық саясат бөлігінен басқа сыртқы ортаны ұдайы өзгертетін жаңа талаптарға жауап ретінде іске асыру шарасы бойынша пысықталады.


Кадрлық саясат қолданыстағы тәсілдерді, жолға қойылған әдістерді және персоналмен жұмыс саласындағы үздік тәжірибені есепке алумен кадрлық менеджмент құралдарын іріктіруге бағытталған, осылайша персоналды басқару саласындағы ҚТГ құндылықтарының корпоративтік жүйесін әзірлеуге және бірыңғай тәсілді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әзірленетін кадрлық саясаттың негізіне мынадай базалық қағидаттар салынған:

-  **Ашықтық** – адами ресурстарды басқарудың барлық процестеріндегі;
-  **Кешенділік** – персоналды басқару қызметінің барлық салаларын қамту;
-  **Жүйелік** – өзара байланыста саясаттың барлық құрамдас элементтерін

қарастыру;

 **Негіздемелілік** – барынша экономикалық және әлеуметтік әсерді қамтамасыз ететіндей персоналды басқару саласындағы қазіргі замандағы ғылыми әзірлемелерді пайдалану;

 **Тиімділік** – персоналды басқару саласындағы іс-шараларға шығындар өндірістік қызмет нәтижелерімен ақталуы тиіс.

Компаниялар тобы қызметкерлерін әлеуметтік қорғау

ҚТГ компаниялар тобы ұжымдарда салауатты жұмыс микроклиматын жасауға бағытталған әлеуметтік сипаттағы өсімге үлкен назар аударады, бұл қызметкерлерге өздерінің негізгі функцияларын сәтті орындауға мүмкіндік береді. ҚТГ қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету саласында бірыңғай корпоративтік саясатты айқындайды және қомақты үлесті материалдық көмек, әлеуметтік қызметтер пакеті құрайтын әлеуметтік сипаттағы төлемдерге үлкен назар аударады.

ҚТГ өз қызметкерлеріне медициналық сақтандыруды, өтемақыны және материалдық көмекті қамтитын, оның ішінде еңбек демалысы кезеңінде қызметкерлерінің емделуіне және сауықтырылуына және басқа да көптеген

қызметтерге әлеуметтік қызметтер пакетін ұсынады. Ұжымдық шарттар негізінде және 2019 жылы ҚТГ компаниялар тобы қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларының негізінде материалдық көмектің мынадай негізгі түрлері төленді:

- демалыста сауықтыруға материалдық көмек – 4 601 204 мың теңге;
- баласы туған кезде – 175 726 мың теңге;
- қызметкер отбасы мүшелері қайтыс болуымен байланысты – 73 150 мың теңге;
- қызметкердің қайтыс болуымен байланысты бір реттік төлем – 1 779 мың теңге;
- жүктілік және бала туу бойынша, жаңа туған ұл және қыз балаларды асырап алу бойынша әлеуметтік көмек – 46 495 мың теңге;
- өзге де төлемдер (некеге тұрған кезде, зейнетке шыққан кезде, мерейтойлық туған күндерде және басқалары) – 75 470 мың теңге.

Корпоративтік рухты нығайтуға физикалық мәдениет пен спортты салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі факторы ретінде насихаттау мақсатында қызметкерлер арасында

Спартакиада среди работников группы компаний АО НК «КазМунайГаз». «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері спатакиадаға қатысты.

Балалар іс-шараларын өткізуге және әлеуметтік әлсіз жұмыскерлердің 7 жастан 14 жасқа дейінгі балаларының демалысын ұйымдастыруға 2019 жылы 128 350 мың теңге игерілді.



Еңбек жағдайының, қызметкерлер мен олардың отбасыларының өмірінің сапасы

Еңбек жағдайының, қызметкерлер мен олардың отбасыларының өмірінің сапасын қамтамасыз ету үшін ҚТГ компанияларының бюджеттік топтарына жыл

сайын Қазақстанның ең үздік медициналық қызметтерінің үлкен спекторын қамтитын ерікті медициналық сақтандыруға қаражат аударылады.

Бұл ретте қызметкерге медициналық қызмет көрсету бағдарламасында медициналық қызметтердің барлық спекторын ұсынумен қатар сол талаптарда оның отбасына да (қызметкердің ата-аналары, әйелі/күйеуі және балалары) қызмет көрсету көзделген. Бұған қоса сақтандыру компаниясының ұсынылатын қызметтер шеңберінде физиологиялық жүктілік патронажы да көзделген.

Осылайша 2019 жылы ҚТГ компаниялар тобы есебінен 1 197 млн. теңге жалпы сомаға медициналық сақтандыру, оның ішінде «ҚазТрансГаз» АҚ қызметкерлерін сақтандыруға 62 млн. теңге медициналық сақтандыру жүзеге асырылды.

Белгілі болғандай, газ саласы қызметкерлерінің жұмысы көп жағдайда магистральдық газ құбырларымен және ол бір жағынан суық климатикалық жағдайлармен (ауыз су жағдайымен, құмды дауылмен және т.б.), екінші жағынан транзиттік газ құбырлары жиі елдің экологиялық қолайсыз өңірлерінде өтетіндігімен байланысты.

«Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Арал өңірі тұрғындарының негізгі жалақысына 20%-дан 50%-ға дейін мөлшерде экологиялық коэффициент аударылады, сондай-ақ 6 күннен 12 күнге дейін санда қосымша демалыс беріледі.

Қызметкерлердің ауыруының алдын алу, сондай-ақ демалыс кезеңінде оларды емдеу және оңалту бойынша жұмыс жүргізіледі.

ҚТГ қомақты үлесті әлеуметтік төлемдер мен кепілдіктер құрайтын әлеуметтік сипаттағы төлемдердің өсуіне үлкен назар аударылады. Бәрінен бұрын, олар ұжымдарда әлеуметтік серіктестік негіздерінде салауатты жұмыс микроклиматын құруға бағытталған, бұл қызметкерлерге өздерінің негізгі функцияларын сәтті орындауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар ҚТГ қызметкерлердің кәсіптік одақтарының қоғамдық бірлестігі жұмыс істейді, олардың жұмысының шеңберінде қызметкерлер мен жұмыс берушілер арасында қызметкерлерге әлеуметтік кепілдемелерді, төлемдерді, өтемақыларды және жеңілдіктерді көздейтін еңбек заңнамасымен белгіленгендерден айтарлықтай асатын ұжымдық шарттар жасалды, мысалы, мынадай.

- бірінші некеге тұруымен, баласының тууымен байланысты, жақын туысының қайтыс болуымен байланысты жерлеуіне және т.б. төлемдер;

- жоғарыда көрсетілген жағдайлармен байланысты қосымша ақы төленетін демалыстар;

- компания қызметкерлерінің балаларына сауықтыруға арналған балалар лагерлері;

- және көптеген басқада шаралар.

Компаниялар тобы қызметкерлерін даярлау, оқыту және біліктілігін арттыру

Персоналдың қозғалысы барынша болжалынған, жоспарланған және компанияны дамытудың жалпы тұжырымдамасына сәйкес болуы тиіс екендігін назарға ала отырып, оның кадрлық әлеуетін күшейту үшін барлық мынадай мүдделі тараптары үшін жалпы кешендік тәсіл қажет: студенттер, білім беру ұйымдарының өкілдері және Қоғам. Сондықтанда, қалыптасқан бос орындарды жоспарлы толтыру

мақсатында, сондай-ақ қызметті жедел басқару қабілетіне ие, осы немесе басқа бағыттағы лауазмға қойылатын талаптарға жауап беретін жас мамандар тобын қалыптастыру үшін ҚТГ жекелеген ЕТҰ-да Жас мамандарды даярлау қағидалары әзірленді және бекітілді.

Осы ішкі құжат жас мамандарды даярлауда қажеттілікті айқындаутәртібін, кандидаттарды іріктеу, Қазақстан Республикасының алыс және таяу шетелдегі оқу орындарына, оқытуға жіберу тәртібін сипаттайды. Қазіргі уақытта сыртқы кадрлық әлеуетті дамыту жөніндегі комиссия құрамы бекітілген, осы мәселе жөнінде жоғары оқу орындарымен хат алмасу жүргізіледі. Бұған қоса, «ҚазТрансГаз» АҚ тобында оқытудың және мамандар даярлаудың күнтізбелік жоспарына сәйкес мамандарды даярлау, оның ішінде шетелде оқыту жүргізіледі. ҚТГ компаниялар тобы ұйымдары үшін үздік техникалық жоғары оқу орындары базасында жоғары білімді мамандар даярлау жоспарланды.

ҚТГ қызметкерлері Нұр-Сұлтан қ. «Самұрық-Қазына» Корпоративтік университеті» жеке мекемесінің базасында біліктілігін арттыру курстарына, сол сияқты Қазақстан Республикасының басқа да оқу орталықтарының базасында, алыс және жақын шетелдерде семинарларға, тағылымдамалар мен тренингтерге қатысады.

ҚТГ-да персоналды дамытуға бағытталған мынадай бағдарламалар қолданылады: «Даярлау және біліктілігін арттыру», сондай-ақ «Жас маман» бағдарламасы әзірленді.

ҚТГ компаниялар тобы Кадрлық резерві қалыптастырылды.

«Даярлау және біліктілігін арттыру» – компания персоналын дамыту бойынша тұрақты әрекет ететін бағдарлама.

ҚТГ-да даярлауға және біліктілігін арттыруға бағытталған персоналды дамыту жөніндегі бағдарлама әрекет етеді. Жыл сайын ҚТГ бюджетінде персоналды оқытуға және біліктілігін арттыруға қаражат көзделеді. ҚТГ-да магистральдық газ құбырларын техникалық пайдалану қағидаларына сәйкес магистральдық газ құбырларының техникалық объектілері арнайы дайындалған персоналмен пайдаланылуы тиіс.

Қауіптілігі жоғары қызмет көрсетілетін объектілерде персонал мемтехқадағалау жергілікті органдарымен келісілген бағдарлама бойынша арнайы құрылған кәсіпорындарда курстардан дайындықтан (даярлықтан) өтуі тиіс.

2019 жылы ҚТГ компаниялар тобы өткізген оқыту іс-шараларына 926 476 мың теңге жалпы сомаға 10 525 қызметкер қатысты. Қызметкерлер оқыту ұйымдарының базасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы оқыту орталықтарында да даярлықтан өтеді және өз біліктілігі деңгейін арттырады. Жұмыс персоналын кәсіби оқыту және дамыту ҚТГ кадрлық саясатының ұзақ мерзімді және басым бағыттарының бірі болып табылады, себебі жұмыс кадрларының кәсіби деңгейі қауіпсіз өндірістің тиімділігін арттырудағы, еңбек өнімділігінің өсіміндегі және жұмыстар сапасын арттырудағы маңызды фактор болып табылады. Сонымен қатар ҚТГ Қоғам қызметкерлерінің балаларын Қазақстанның жоғары оқу орындарында және алыс шетелдерде ЕТҰ және ҚТГ қаражаты есебінен оқытуды жүргізеді, олар оқуы аяқталғаннан кейін газ тасымалдау саласына жұмысқа оралады.

Демеушілік және қайырымдылық

2016 жылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ демеушілік көмек көрету саясаты» күшіне енуімен байланысты демеушілік көмек көрсету тоқтатылды.

Корпоративтік басқару

ҚТГ Қазақстанның газ операторы бола отырып, 2028 жылға дейінгі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Даму стратегиясына сәйкес компанияны дамытуға және мыадай мақсаттарға қол жеткізуге өзінің ұмтылысын растайды: құнын жасау және қаржылық орнықтылықты нығайту, корпоративтік басқару және орнықты дамыту.

ҚТГ қызметінің стартегиялық бағыттарының бірі корпоративтік басқару тиімділігін арттыру болып табылады.

ҚТГ тиімді корпоративтік басқару Қоғамды капиталдандырудың орнықты дамуының, корпоративтік қайшылықтардың туындай ықтималының төмендеуінің, инвесторлар үшін Қоғамның тартымдылығын ұлғайтудың, сондай-ақ имиджге оң әсер етудің негізін қалаушы шарттар болып табылатындығына сүйенеді.

Корпоративтік басқару мақсаты ҚТГ тиімді қызметін қамтамасыз ету, оның акционерлік капиталының құнын ұлғайту, инвесторлар құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету және Жалғыз акционердің мүдделерін іске асыру болып табылады.

Қоғам, корпоративтік басқарудың маңыздылығын түсіне отырып, корпоративтік басқару қағидаттарын енгізуге үлкен назар аударады. 2015 жылы Корпоративтік басқару кодексі жаңа редакцияда бекітілді. Қоғамның Корпоративтік басқару қызметі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі №239 қаулысымен бекітілген «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес әзірленген.

Қоғам Жалғыз акционердің, Қоғам менджментінің және мүдделі тұлғалардың мүдделері арасында теңгерімді орнатуға ұмтылады, бұл ретте ҚТГ корпоративтік басқару жүйесі холдингтік компания ретінде өзіне бірден мынадай бірнеше корпоративтік баспалдақ деңгейлерін қамтиды: акционерлердің жалпы жиналысы, директорлар кеңесі, ҚТГ атқарушы органы және ЕТҰ ұқсас басқару органдары.

Корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін құру бойынша дайындық іс-шаралары шеңберінде холдингтің ұйымдастырушылық құрылымына өзгерістер енгізілді: ҚТГ – газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор ретінде меншіктілік құрылымын сейілту мүмкіндігін шектеуге, ақпаратты ашуға кешіктірулерді азайтуға, басқарушылық шешімдер қабылдау рәсімдерін оңтайландыруға арналған корпоративтік орталық болып табылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы, директорлар кеңесі және ҚТГ мен ЕТҰ сияқты атқарушы органдар арасында функцияларды ақылға қонымды бөлу жарғыларда бекітілген және ЕТҰ менеджментіне ағымдағы басқарушылықты жүзеге асыруға кедергі келтірмейді.

ЕТҰ-ға қатысты ҚТГ корпоративтік басқару мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін бизнесті трансформациялау шеңберінде олардың корпоративтік басқаруды жүзеге асыру шеңберінде лауазымдық тұлғаларының өкілеттіктері мен жауапкершілігін қайта бөлуді және регалменттеуді, кез келген акционерлік компания үшін танылған қағидаттардан басқа, корпоративтік өзара іс-қимыл жасасудың бизнес-процестерін оңтайландыруды білдіретін ұйымдастырушылық құрылымдарын қайта жобалау жүргізіледі.

ҚТГ-ға корпоративтік басқарудың бірыңғай стандарттары енгізілуде (акционерлердің және мүдделі тараптардың құқықтарын сақтау, ақпараттық ашықтық, тиімді директорлар кеңесінің болуы, компанияның басқару органдарының арасында өкілеттіктерді және жауапкершіліктерді бөлу, меншіктіліктің айқын құрылымы, ішкі бақылаудың тиімді жүйесінің болуы), ҚТГ-да ҚТГ және оның ЕТҰ

үшін жалпы стратегиялық мақсаттары үшін іске асыруды қамтамасыз ететін корпоративтік басқарудың бірыңғай стандарттарына сәйкес болу қағидатын ерекше атауға болады.

ҚТГ-ның ЕТҰ қызметіндегі мүдделері өзіне мынадай негізгі бағыттарды қамтитын корпоративтік басқару (немесе бағдарламаны) саясатын әзірлеуде және орындауда іске асырылады:

- ЕТҰ қызметінің қаржылық нәтижелерін жоспарлау және бақылау, оның ішінде ЕТҰ бағыттарын айқындау және табысын бөлу;
- ЕТҰ қаржылық-шаруашылық қызметін бақылау, оның ішінде ЕТҰ активтерімен мәмілелер жасасу;
- бизнесті басқару саласында ЕТҰ ішкі процестерінің тиімділігін іркіліссіз арттыру;
- ЕТҰ инвестициялық тартымдылығын және күрделендіру өсімін қамтамасыз ету;
- ЕТҰ кадрлық саясатын қалыптастыру және іске асыру.

Жалғыз акционер, қатысушыларды қамтитын корпоративтік басқару моделін айқындады: «белсенді» акционер, Директорлар кеңесі, Басқарма және ішкі аудиттік орталықтандырылған қызметі.

Акционермен өзара іс-қимыл жасасу

ҚТГ жалғыз акционері ҚМГ болып табылады. ҚМГ ҚТГ-да корпоративтік басқарудың қалыптастыруда және дамытуда белсенді рөл атқарады. ҚМГ мынадай жолдармен ҚТГ-ны корпоративтік басқаруды дамытуға жәрдемдеседі:

■ 2007 жылы Корпоративтік басқару кодексін енгізу және Қазақстан Республикасының Үкіметі 2015 жылғы сәуірде бекіткен жаңа Корпоративтік басқару кодексін әзірлеуге қатысу;

■ Корпоративтік басқару деңгейін диагностикалауды қоса алғанда корпоративтік басқару стандарттарын енгізу кезінде әдіснамалық қолдау көрсету.

Еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасу

Еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасу ҚТГ және ЕТҰ тиісті органдары арқылы бекітілген корпоративтік рәсімдер шеңберінде жүзеге асырылады.

ҚТГ-ның еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасуының негізгі мақсаттарымыналар болып табылады:

■ ҚТГ мен ЕТҰ тұрақты қаржылық дамуын, табыс табуын қамтамасыз ету, инвестициялық тартымдылығын арттыру;

■ акционерлердің ЕТҰ акционерлерінің заңмен қорғалатын мүдделерін және құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету;

■ ҚТГ және ЕТҰ акционерлері, лауазымдық тұлғалары және қызметкерлері арасындағы қатынастарды үйлесімдендіру, олардың арасында және көрсетілген топтар ішінде қақтығыстардың туындауын болдырмау бойынша жүйелік шаралар қабылдау;

■ ҚТГ мен ЕТҰ үйлестірілген және тиімді инвестициялық саясатын әзірлеу және іске асыру.

ҚТГ компаниялар тобында корпоративтік басқару механизмдері

- Еншілес және тәуелді ұйымдармен тігінен басқару жүйесін тұрғызу;
- ЕТҰ-да бірыңғай корпоративтік стандарттарды енгізу;
- ЕТҰ басқару органдарына өз өкілдерін жылжыту;
- ЕТҰ Директорлар кеңесіне күн тәртібі мәселелері бойынша Қоғам өкілдерінің ұсынымдары негізінде талқыланатын мәселелер бойынша өкілдерінің еркін дауыс беруін қамтамасыз ету;
- ЕТҰ қызметін басқару органдарындағы өкілдері арқылы бақылауды ұйымдастыру, қаржылық-шаруашылық қызметті тексеруді жүргізу, аудиторды сайлау және басқалары.

Корпоративтік басқару органдары

ҚТГ Корпоративтік басқару органдары мыналар болып табылады:

- 1) Жалғыз акционер – жоғары орган;
- 2) Директорлар кеңесі – Қоғамның жалпы қызметін жүзеге асыратын және оның қызметінің басым бағыттарын айқындайтын басқару органы. Директорлар кеңесі бес мүшеден тұрады, олардың екеуі тәуелсіз директор болып табылады.
- 3) Басқарма – Қоғамның міндеттерін орындау және стратегиясын іске асыру мақсатында Қоғамның ағымдағы қызметін басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша ҚТГ Басқармасы жеті адамнан құралды.

Директорлар кеңесінің құрылымы

2019 жылғы 1 қаңтардағы жай-күй бойынша Директорлар кеңесі мыналар болып табылатын 5 м.шеден құралды:

Директорлар кеңесі	ҚТГ-дағы лауазымы
Шәріпбаев Қайрат Қаматайұлы	Директорлар кеңесінің төрағасы
Мұқышов Ардақ Жұмағұлұлы	Директорлар кеңесінің төрағасы
Сулейманов Рустам Эдуардович	Директорлар кеңесінің мүшесі
Нұрғазиев Айрат Айттанұлы	Тәуелсіз директор
Жаманбалин Серік Жәрдемұлы	Тәуелсіз директор

Жалғыз акционердің шешімімен (ҚМГ Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 26 қаңтардағы ҚМГ №1/2017 хаттамасы) ҚТГ Директорлар кеңесі 2017 жылғы 20 ақпаннан бастап 3 жылға қайтадан сайланды.

2019 жылдың ішінде ҚТГ Директорлар кеңесінің құрамы өзгерген жоқ.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы Директорлар кеңесінің құрамы:

Директорлар кеңесі	ҚТГ-дағы лауазымы
Шәріпбаев Қайрат Қаматайұлы	Директорлар кеңесінің төрағасы
Мұқышов Ардақ Жұмағұлұлы	Директорлар кеңесінің төрағасы
Сулейманов Рустам Эдуардович	Директорлар кеңесінің мүшесі

Нұрғазиев Айрат Айттанұлы Жаманбалин Серік Жәрдемұлы	Тәуелсіз директор Тәуелсіз директор
---	--

ҚТГ Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесі А.А.Нұрғазиевтің және С.Ж.Жаманбалиннің тәуелсіз директорлар екендігінің фактісін белгіледі:

– оларға Қазақстан Республикасының заңнамасымен қойылатын тәуелсіздік өлшемшарттарына сәйкес келеді;

– оларға өз міндеттемелерін орындау және Жалғыз акционер мен ҚТГ мүдделерінде барлық Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті тиісті жұмыс тәжірибесіне, білімдерге, біліктілікке, оң жетістіктерге және Қазақстанның газ саласындағы іскерлік ортада мүлтіксіз репутацияға ие;

– «ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереженің Директорлар кеңесінің мүшесін тәуелсіз директорлар ретінде тануға әсер етуі мүмкін қатынастарға немесе жағдайларға жол бермейтін талаптарына сәйкес келеді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесінің отырыстарына келуі

Т.А.Ә.	Лауазымы	Келу саны	Келу пайызы	Ескерту
Шәріпбаев Қ. Қ.	Директорлар кеңесінің төрағасы	23 из 23	100%	Жалғыз акционердің 2017 ж. 26 қаңтардағы ҚТГ №1/2017 шешімімен Директорлар кеңесінің төрағасына тағайындалды.
Сулейманов Р.Ә.	Директорлар кеңесінің мүшесі	23-тен 23	100%	Жалғыз акционердің 2017 ж. 26 қаңтардағы ҚТГ №1/2017 шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды
Нұрғазиев А.А.	Тәуелсіз директор	23-тен 23	100%	Жалғыз акционердің 2017 ж. 26 қаңтардағы ҚТГ №1/2017 шешімімен Директорлар

				кеңесінің мүшесі болып сайланды
Мұқышов А.Ж.	Директорлар кеңесінің мүшесі	23-тен 0	0%	Жалғыз акционердің 2017 ж. 26 қаңтардағы ҚТГ №1/2017 шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды
Жаманбалин С.Ж.	Тәуелсіз директор	23-тен 23	100%	Жалғыз акционердің 2017 ж. 26 қаңтардағы ҚТГ №1/2017 шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды

– Қоғам Директорлар кеңесінің есептік кезеңінде 23 отырыс
(23 бетпе-бет) өткізілді. Қаралған мәселелердің жалпы саны 151 құрады.

Директорлар кеңесінің жауапкершілігі

Директорлар кеңесі Жалғыз акционер алдында тиімді басқару және Қоғам қызметін тиімді басқару және тиісті бақылау үшін жауапты болады және шешімдер қабылдаудың бекітілген тәртібіне сәйкес әрекет етеді. Директорлар кеңесінің анағұрлым маңызды функциялары Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау, ірі мәмілелерді жасасу және басқа да елеулі мәселелер туралы шешім қабылдау болып табылады.

Басқарманың жауапкершілігі

Өз кезегінде, Басқарма Директорлар кеңесінің шешімдерді іске асыру бойынша және Қоғамның қаржылық-шаруашылық және ағымдағы мәселелері бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу үшін жауапкершілік алады. Басқарма Директорлар кеңесі алдында Қоғамның бизнес-жоспарына қол жеткізу үшін жасалған жұмыстардың жай-күйі үшін есеп береді.

Осылайша, барлық қатысушылардың өз өкілеттіктерінің корпоративтік қатынастарын, жауапкершілік салаларын, есеп беретіндіктерін, құқықтары мен міндеттемелерін, Қоғам жарғысында анық бекітілген көрсетілген аспектілерді түсінуі мүдделер қақтығыстары тәуекелін төмендетеді, тиісінше қағидаттардың біртұтас көрініс табуын және корпоративтік басқару құрылымдарын құрады.

Басқарма құрылымы
2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша ҚТГ Басқармасының құрамына Бас директорды, оның орынбасарларын, аппарат басшысын және Бас директордың кеңесшісін қоса алғанда жоғары буынның басшылары кірді.

Басқарма мүшелері

Т.А.Ә.	Лауазымы	Кезең
Сулейманов Рустам Эдуардович	Бас директор (Басқарма төрағасы)	11.12.2015ж. бастап
Брекешев Серікқали Аманғалиұлы	Бас директордың техникалық саясат жөніндегі орынбасары	29.01.2018 ж. бастап
Жанұзақ Тайыр Жалғасбекұлы	Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары	06.12.2018 ж. бастап
Рубанов Николай Витальевич	Бас директордың сатып алу және активтерді басқару жөніндегі бас директоры	01.07.2019 ж. бастап
Темірханов Ерқанат Уақбайұлы	Бас директордың трансформация және дамыту жөніндегі орынбасары	06.04.2015ж. бастап
Әбдіғұлова Найля Өмірзаққызы	Аппарат басшысы	12.06.2015 ж. бастап
Ледников Павел Игоревич	Бас директордың кеңесшісі	17.06.2019ж.

ҚТГ Басқармасы құрамына қатысты 2019 жылы қабылданған ҚТГ Директорлар кеңесінің шешімдері

ҚТГ Директорлар кеңесінің шешімімен (26.03.2019 ж. №5 хаттама, 5-тармақ):

- Қоғам Басқармасының мүшелері Қанат Рахымбергелұлы Құрманалиевтің және Нұрлан Қадырұлы Әбдірасуловтың өкілеттіктері 2019 жылғы 26 наурыздан бастап мерзімінен бұрын тоқтатылды;

- Қоғам Басқармасының сандық құрамы 2019 жылғы 26 наурыздан бастап 5 (бес) адам санда айқындалды;

- Қоғам Басқармасы құрамының әрекет ету мерзімі жалпы 2022 жылғы 25 наурызға дейін айқындалған.

ҚТГ Директорлар кеңесінің шешімімен (17.06.2019 ж. №12 хаттама, 3-тармақ):

- Қоғам Басқармасының мүшесіне – П.И.Ледников сайланды;

- Қоғам Басқармасының сандық құрамы 6 (алты) адам санда айқындалды.

ҚТГ Директорлар кеңесінің шешімімен (01.07.2019 ж. №13 хаттама, 4-тармақ):

- Қоғам Басқармасының мүшесіне – Н.В. Рубанов 2019 жылғы 1 шілдеден бастап сайланды;

- 2019 жылғы 1 шілдеден бастап Қоғам Басқармасының сандық құрамы 7 (жеті) адам санда айқындалды.

ҚТГ Басқармасының отырыстары және қабылданған корпоративтік шешімдері туралы жалпы мәліметтер

2019 жылдың 12 айында Қоғам Басқармасы:

51 отырыс өткізді;

223 мәселелер қарады, олардың ішінде:

Қоғам қызметіне қатысты мәселелер – 136;

еншілес және тәуелді ұйымдар қызметіне қатысты мәселелер – 87.

Қоғам Басқармасының қарауына шығарылған мәселелердің жалпы санынан:

Қоғам Жалғыз акционерінің және Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған алдын ала мақұлданған мәселелер– 145;

Басқарма құзыретіне жатқызылған мәселелер – 78.

Жасалуына қатысты ерекше талаптар белгіленген мәмілелер туралы мәліметтер:

Жасалуына мүдделілік бар Қоғам Басқармасы қараған мәмілелердің жалпы саны– 39.

Оның ішінде:

Алдын ала мақұлданған және Қоғам Директорлар кеңесіне шығарылған мәмілелер – 22.

Жасалуына қатысты «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңмен ерекше талаптар белгіленген «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдар арасында мәмілелер жасасу қағидалары шеңберінде бекітілгендер – 17.

Есептік кезеңде Басқарманың атқарушы орган ретінде негізгі міндеті – ағымдағы қызметті басқару «ҚазТрансГаз» АҚ Жарғысында, Корпоративтік басқару кодексінде және Басқарма туралы ережеде бекітілген қағидаттарға сәйкес жүзеге асырылды.

Басқарма жанынан құрылған Тәуекелдер жөніндегі комитет ҚТГ Басқармасына топ тәуекелдерін корпоративтік басқару саласында шешімдер қабылдау кезінде жәрдем көрсетуге, 2019 жылғы 1,2,3, және 4-тоқсандар үшін есептерді, оның ішінде Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау жөніндегі есепті және ҚТГ өндірістік емес тәуекелдері тіркелімін отырыстарда қарауға және одан әрі ҚТГ Басқармасында қарау үшін алдын ала мақұлдауға бағытталған.

Басқарма мүшелеріне жыл сайынғы сыйақы мөлшері мәселесі бойынша – «ҚазТрансГаз» АҚ-ның 2019 жыл үшін жылдық есебін бекеткен күні «ҚазТрансГаз» АҚ Басқармасы мүшелеріне 2019 жыл қорытындылары бойынша сыйақылар төлеу туралы шешім қабылданбады.

Тұрақты даму

ҚТГ, өз тиімділігін арттыру бойынша бірінші кезектегі міндеттерді шеше отырып, қызметтің әлеуметтік аспектілеріне үлкен назар аударады. Біздің компанияның бірінші дәредегі қағидаттарының бірі өнімділікті еңбекке жәрдемдесу, лайықты жұмысты және еңбек шартын қамтамасыз ету, қызметкерлерді дайындау және оқыту, орналасқан өңірлерді дамыту болып табылады.

Экономикалық тиімділіктің басым жетістіктері жағдайында ҚТГ қаржылық пайда, экологиялық заңнаманы сақтау, өз қызметкерлері, сол сияқты ол орналасқан өңірлердегі халықты әлеуметтік қажеттілікпен қанағаттандыру арасындағы мүдделер балансын сақтауға ұмтылады,

2013 жылдан бері ҚТГ GRI нұсқаулығына сәйкес дайындалған Орнықты даму саласындағы есепті (Есеп) жариялайды. 2020 жылы ҚТГ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ Корпоративтік басқару кодексі қағидаттарын ұстана отырып, ҚМГ компаниялар тобы бойынша 2019 жыл үшін орнықты даму туралы жиынтық есепті жасау мақсатында компанияның экономикаға және қоршаған ортаға әсер етуі туралы ақпаратты ұсынды.

Есепте орнықты даму тұрғысынан қызметтің мынадай анағұрлым елеулі аспектілері қозғалады: мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасасу, қоршаған ортаны қорғау, өндірістің қауіпсіздігі, еңбекті қорғау, адами капиталды дамыту, орналасқан өңірлерді дамытуға инвестициялар. Компанияның экономикалық орнықты дамуына, әлеуметтік және экологиялық жауапкершілігіне, сондай-ақ негізгі оқиғаға және 2019 жыл үшін есептік кезең көрсеткіштеріне тәсілі сипатталды.

Есепте мүдделі тараптармен кеңейтілген диалогқа елеулі назар аударылды – бұл мәселелер ашықтықты арттыру және оның әлемнің үздік тәжірибелеріне сәйкес болуы үшін қағидаттық маңызды болып табылады.


Құжатта маңызды орынды экологиялық жағдайға өндірістік процестердің әсері туралы мәлімет алады. Қоршаған ортаға өндірістің теріс әсерін төмендету – ҚТГ компаниялар тобы стратегиялық басымдықтарының бірі. Орнықты даму қағидаттарын ұстану бізді қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға ықпал ете отырып, жаңа таза технологияларды орнықты дамытуға ынталандырады.


Есепте Қазақстанның үздік жұмыс берушілерінің бірі мәртебесін ұстануға ұмтылысты көрсететін қызметкерлерге әлеуметтік қолдау саласындағы ақпарат ұсынылды.

Есеп ҚТГ компаниялар тобының жергілікті қоғамдастықтармен мынадай өзара қарым қатынасын қозғайды: онада әлеуметтік серіктестік қағидаттары, Компанияның орналасқан аумақтарын дамытуға қатысты Компаниялар қызметіне қойылатын негізгі тәсілдер, жүзеге асырылатын әлеуметтік бағдарламалар және жобалар көрсетілген.

2019 жылы «Ernst & Young» компаниясы 2018 жыл үшін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ны орнықты дамыту туралы есептің верификациясын жүргізді. Бұған қоса, ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлері, оның ішінде ҚТГ 3 қызметкері үшін орнықты дамыту саласындағы тәжірибелік тренинг сәтті өткізілді.

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобының сатып алудағы жергілікті қамту (ЖК)

 Отандық тауар өндірушілерді қолдау мақсатында ҚТГ жыл сайын отандық тауар өндірушілер арасында тікелей өткізілген сатып алу санын, оның ішінде «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ бекіткен нормативтік құжаттармен көзделген механизмдерді қолдана отырып, ұлғайтады.

 «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ қолданыстағы өндірістерді жаңғыртуға жәрдемдесу және жаңаларын құру жөніндегі 2014-2022 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде есептік кезең үшін ҚТГ компаниялар тобы үшін жеке кәсіпкерлік субъектілерімен офф-тэйк субъектілермен шарттар жасасылды. Жаңа өндірістерді құруға жәрдемдесу бағдарламасы шеңберінде қолдаудың басты құралы кепілдендірілген тікелей сатып алу механизмі болып табылады. Сондай-ақ шағын бизнесті қолдау бағдарламасының бірі «қарапайым заттардың экономикасы» болып

табылады. Бұл күнделікті пайдаланылатын тауарлар. Бұларға жеңіл, жиһаз, тағам өнеркәсібі, құрылыс материалдары жатады. Осылайша, ҚТГ компаниялар тобы бойынша «қарапайым заттар экономикасын» дамыту шеңберінде өнім берушілер өндіретін тауарлар сатып алынды.

Өндірісті дамытуда отандық бизнесті қолдау шеңберінде ҚТГ компаниялар тобы бойынша зауыттарға және кәсіпорындарға өндірісті жабдықталу мәнін, жарамдылығын және ҚТГ-ға әлеуетті қызықты өнімдерді дайындау үшін жабдықтың тиімділігін көзбен көріп алдын ала бағалауды жүргізу мақсатында тұрақты баруды жүзеге асыратын жұмыс топтары құрылды. Қоғамның өкілдері «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ және «Атамекен» Қазақстанның ұлттық кәсіпкерлер палатасы өткізетін жергілікті қамту, сондай-ақ импорт алмастырушы мәселелер жөніндегі мәжілістерге, дөңгелек үстелдерге тұрақты қатысады.

Әзірленетін және іске асырылатын инвестициялық жобалардағы жергілікті қамту мониторингі механизмі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі үйлестіру комитетінің қарауына оларды шығару жолымен сәтті жұмыс істейді. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын сатып алу кезінде шарттарға Холдинг тауар өндірушілерінен тауарларды міндетті сатып алу туралы талаптар қосылды.

Шарттарда жергілікті қамту үлесі туралы шынайы ақпарат ұсыну мақсатында жергілікті қамту үлесі жөнінде есептілік ұсыну, мәліметтерді ұсынбағаны үшін жауапкершілік бойынша тармақтар көзделген.

ҚТГ-ға сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы ретінде оның барысында «Самұрық-қазына» ҰӘҚ АҚ ақпараттық деректер базасын, оның ішінде Холдингтің тауар өндірушілерінің тізілімін, сондай-ақ уәкілетті органның айрықша отандық тауар өндірушілер арасында сатып алуды жүргізудің артықшылығын белгілеу мақсатында отандық тауар өндірушілер және олар өндіретін тауарлар туралы мәліметті қамтитын тиісті ақпараттық деректер базасын пайдаланумен отандық тауарлар нарығы мониторингі жүзеге асырылатын еншілес ұйымдардың сатып алу жоспарларын келісу бойынша өкілеттіктер берілген.

Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді таңдау кезінде маңызды аспект қорытындыларына әсер ететін бұзушылықтарға жол бермей Қордың сатып алу қағидаларына нақты сәйкестікте сатып алу рәсімдерін жүргізу болып табылады. Осы көрсеткіш ҚТГ мен оның ЕТҰ басшылық қызметкерлері қызметінің негізгі көрсеткіштері картасына енгізілген.

2019 жылға арналған сатып алу жалпы көлеміндегі ҚТГ компаниялар тобы бойынша жергілікті қамтудың жалпы үлесі 84%-ды құрады, оның ішінде сатып алынған тауарлар бойынша – 94%, орындалған жұмыстар – 41% және көрсетілген қызметтер – 80%. Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу кезіндегі жергілікті қамту үлесінің есебі Қазақстан Республикасы Инвестициялар және дамыту министрінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 260 бұйрығымен бекітілген Ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті қамтуды есептеуінің бірыңғай әдістемесі негізінде жүргізіледі.

Қор Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы №19/16 шешімімен бекітілген «Сатып алуды жүргізу» сатып алу қызметін басқару жөніндегі Қор Стандартының 4-бабының 2-тармағына сәйкес сатып алуды жоспарлау, сатып алу туралы шарттар жасау және орындау үшін жауапты барлық басшылар, мамандар Қор

Басқармасымен айқындалған тәртіпте Сертификаттау жөніндегі Қордың уәкілетті ұйымымен сертификатталды.

Корпоративтік қауіпсіздік

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы объектілеріндегі корпоративтік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жұмыс Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және ҚМГ мен ҚТГ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүргізіледі.

«ҚазТрансГаз» АҚ корпоративтік қауіпсіздік қызметі (КҚҚ) 2019 жылдан бастап ҚТГ корпоративтік қауіпсіздігі бірыңғай жүйесін қалыптастыруға, сондай-ақ оның еншлес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарымен ҚТГ мен ЕТҰ меншікті, экономикалық және өзге де мүдделерін қорғау бойынша өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар ұйымдық-тәжірибелік шараларды іске асырды.

ҚТГ компаниялар тобында қауіпсіздікті басқару жүйесінің тұтастығын ұйымдастыру мақсатында, персоналдың, мүліктің ақпараттың сақталуын, экономикалық, ақпараттық, физикалық және ішкі қауіптерді анықтау және болдырмау арқылы бизнес-процестердің іркіліссіздігін қамтамасыз ету үшін «ҚазТрансГаз» АҚ-ның 2017-2020 жылдарға арналған қауіпсіздік бағдарламасы әрекет етеді.

Көрсетілген Бағдарламаны іске асыру жөніндегі кешенді жоспарға сәйкес КҚҚ ЕТҰ-мен («ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, «Интергаз Орталық Азия» АӨ, «Азиялық газ құбыры» ЖШС, «Азиялық Газ құбыры» ЖШС, «Бейнеу-Шымкент Газ құбыры» ЖШС, «ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС, «Амангелді Газ» ЖШС, «ҚазРосГаз» ЖШС, «ҚМГ-Қансу Оперейтинг» ЖШС) өзара іс-қимыл жасасу үшін мынадай негізгі бағыттар бойынша жүйелік жұмыс өткізді: экономикалық, ішкі, ақпараттық және физикалық қауіпсіздік.

ЕТҰ бірінші басшыларының бұйрықтарымын ЕТҰ корпоративтік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жауаптылар бектілді. ҚТГ стратегиялық мақсаттарына қолжеткізуде басшылыққа қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тиімді жүйесін белгілеу жолымен жәрдем көрсету мақсатында «ҚазТрансГаз» АҚ қауіпсіздігі саясаты әрекет етеді.

КҚҚ жұмысында Саясатқа сәйкес басымдық қауіптерді теріс дамытуға ықпал ететін үрдістерді және алғышарттарды уақтылы анықтауға және алдын алу шараларын әзірлеуге беріледі.

Осыған байланысты тұрақты негізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәуекелдерді анықтауды қоса алғанда негізгі бағыттар (экономикалық, ішкі, ақпараттық және физикалық қауіпсіздік) бойынша тәуекелдерді (қауіптерді) талдау жүргізіледі.

ҚТГ компаниялар тобында лауазымдық міндеттемелерін орындау кезінде сыбайлас жемқорлықтан бас тартатын және шынайылық пен сатылмаушылық қағидаттарын қамтамасыз ететін қызметкерлердің құқықтық мәдениетін қалыптастыру мақсатында, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарына сәйкес «ҚазТрансГаз» АҚ-да Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат әзірленді.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша мүлтіксіз шараларды қабылдауға бағытталған жүргізілген кешенді жұмыс шеңберінде ҚТГ

компаниялар тобында Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты бекітілді.

2019 жылы ҚТГ қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық жағдайлары тіркелмеді, Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қызметкерлерді жұмыстан босату немесе жазалау жүргізілмеді. Көрсетілген негіздері бойынша Қызметкерлермен еңбек шарттары бұзылмады, қылмыстық істер қозғалмады. ЕТҰ желісі бойынша ұқсас мәліметтер түспеді және тіркелмеді. Қауіпсіздік оқиғаларының электрондық деректер базасын өзекті жай-күйде қалыптастыру және ұстау бойынша функциялар диспетчерлендіру және газ тасмалдау департаментіне жүктелді. 2019 жылы қауіпсіздік оқиғалары тіркелмеді.

Террористік қатынастарға әлсіз Қоғамның өндірістік және әкімшілік объектілерін террористік әрекеттерге қарсы қорғау мақсатында және «Террористік қатынастарға әлсіз объектілердің террористік әрекеттерге қарсы қорғалуының үлгілік паспорттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.11.2013 ж. №1217 қаулысына сәйкес 2014 жылы Объектілердің террористік әрекеттерге қарсы қорғалуының үлгілік паспорттары әзірленді. Онда құқық қорғау органдарымен және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасасу жоспарлары (схемалары), терактілер жасау қаупі туындаған жағдайда қызметкерлердің әрекеттері жөніндегі нұсқаулықтар бар.

ҚТГ-да ақпараттық қауіпсіздік жөнінде саясаттар әзірленді және бекітілді. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінің тұжырымдамасын әзірлеу шеңберінде ҚТГ-ның ақпараттық қауіпсіздік бөлігінде қорғалу дәрежесіне сәйкестігін анықтау мақсатында «АҚПАРАТТЫҚ ҚОРҒАУ» ҒАП ЖАҚ-ты қамтамасыз ету жүйесін зерттеу жүргізілді. Зерттеу барысында «ҚазТрансГаз» АҚ-ның компаниялар тобының инфрақұрылымының АТ сыртқы және ішкі ену мәніне тест, сондай-ақ персонал үшін әлеуметтік техникалық тест сәтті өтті. Тестілеу нәтижелері бойынша инфрақұрылым жұмысын бұзу және персонал мен серверлер деректерін бақылауды алуға мүмкіндік туғызылмады. 2019 жылы ақпараттық қауіпсіздік бойынша оқиғалар тіркелмеді.

Қауіпсіздікті жетілдіру бойынша әртүрлі ұйымдық-техникалық іс-шаралар әзірленуде. Мерзімді лауазымдық тұлғалар күзет ұйымдарының жұмысын тексеруді жүргізеді, сондай-ақ бірлескен жаттығулар жоспарланады.

«ҚазТрансГаз» АҚ және ЕТҰ өз қызметінде кешенді қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы ұйымдарында қауіпсіздік жүйесін кезеңмен реформалау бойынша іс-шараны орындайды, Қазақстан Республикасының заңнамасын, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, ұйымдардың жарғыларын, қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша бөлімшелер туралы ережелерді басшылыққа алады.

Кредиттік рейтингтер мен борыштық қоржынды басқару

2019 жылы Standard&Poor's, Fitch Ratings и Moody's халықаралық рейтингтік агенттік «ҚазТрансГаз» АҚ ұзақ мерзімдік корпоративтік рейтингін тиісінше «BB», «BBB-» және «Ваа3» деңгейінде растады, рейтинг бойынша болжам «тұрақты».

Рейтингтік агенттік	Компания	Растау күні / рейтингті өзгерту	Рейтинг	Болжам
Standard & Poor's	ҚТГ	2019	BB	Тұрақты
FitchRatings	ҚТГ	2019	BBB-	Тұрақты
Moody's	ҚТГ	2019	Baa3	Тұрақты

«ҚазТрансГаз» АҚ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ бекіткен қарызды басқару саясатын басшылыққа ала отырып, қарыз қаражатты тартуды жүзеге асырады, оған сәйкес қарыздық міндеттемелердің барынша рұқсат етілген деңгейін айқындады.

2019 жылы қытай банктерінің синдикаттары алдында міндеттемелерді қаржыландыру үшін «Бейнеу-Шымкент Газ құбыры» ЖШС «MUFG» жапония банкі және Қытай Банкінен 720 млн. АҚШ долл. валюталық қарыз алды, осылайша қарыз бойынша кредиттік талаптарды жақсартты.

